

Тәуелсіз Қазақстан тарихының басты тағылымы мынада: кез келген тығырықтан жол тауып, кедергіні – мүмкіндікке, тәуекелді – табысқа айналдырып, ең асқақ арманға қол жеткізу әркімнің өз қолында. Жеңіс пен жетістік – жасқанбай алға ұмтылғанның еншісінде.

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

#QAZAQSTAN30



ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МЕН
ҮШІН МАҢЫЗЫ...

3

КИНОКЕҢІСТІК



ОТАНДЫҚ
ТАРИХИ
КИНОЛАР

7

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 27 қыркүйектегі
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен

943 023

II компонентпен

851 561

адам вакцина салдырды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

28.09.2021

Түнде:



+10+12 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+20+22 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

29.09.2021

Түнде:



+10+12 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+18+20 °C
Көшпелі бұлтты,
жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
2-7, найзағай кезінде
екпіні 10 м/с м/с

ӘКІМ

ҚАЛАНЫҢ БІРЕГЕЙ ҚАЗЫНАСЫ

Алматы өзендерінің бойы жайлы демалыс кеңістігіне айналады



Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев Есентай өзеніндегі жаңа Тереңқұрдың бірінші учаскесінің дайындығын тексерді. Жұмыс сапары кезінде қала басшысы жаңа қалалық серуендеу аймағының құрылысымен танысты. Мегалполис әкімі бұл туралы Instagram-дағы аккаунтында жазды.

«Есентай өзеніндегі жаңа қалалық променад ажарлана түсті. Бірінші учаскеде ұзындығы 1,8 шақырым жаяу жүргіншілер жолын реттеу мен жағалауды бекіту жұмысы аяқталды. Есентай өзенінің арнасы бойындағы жаяу жүргіншілер аймағының жалпы ұзындығы – су бөлгіштен Жамақаев көшесіне дейін 4,2 шақырым», – деп жазды Б.Сағынтаев.

2

ҚАЗАҚ РАДИОСЫНА – 100 ЖЫЛ!

ҰЛТ ҮНЖАРИЯСЫНА – БІР ҒАСЫР



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Қазақ халқының рухани тірегі, ұлт-тың үні – Қазақ радиосы. Ұлттың үнжариясына айналған «Қазақ радиосына» биыл 100 жыл, «Шалқар» радиосына 55 жыл толып отыр. Радио 1921 жылы 1 қазанда алғаш рет хабар таратты. Осыған орай, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «1 қазан – Радио қызметкер-

лері күні» деп жариялауды ұсынған болатын. Президент ұсынысымен 13 тамызда ҚР Үкіметінің қаулысы шықты.

Атап айтқанда, мерекелер тізіміне «34-2. Радио күні – 1 қазан» тармағы енгізілді. Қаулы күшіне енді.

6

ҚЫСҚА...

- Қазақстандық пианист Әлім Бейсембаев Англияның Лидс қаласында өткен беделді байқауда алтын медальды қанжығалап, әлемнің түкпір-түкпірінен келген пианистерді шаң қаптырды.
- Елімізде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон жөніндегі комитеті құрылады.
- Педагогтердің біліктілігін арттыру кезеңі елімізде 5 жылдан 3 жылға қысқарады.
- Елімізде 9-сыныптан соң колледжге түсетін оқушылар 100% тегін біліммен қамтамасыз етілуі мүмкін. Бұл туралы ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов мәлімдеді.
- Алматыда «Қазақ радиосы» аялдмасы пайда болды. Аялдамада радио күндіз-түні қосулы тұрады.
- Жасөспірімдер арасында өткен «Ару қала Алматы» сайысында эссе жазу, көркемөнер мен сурет салудан 100-ге жуық бала бақ сынап, 18 бала жүлделі болды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006



ӘКІМ

Серік
ЖҰМАБАЕВ

(Басы 1-бетте)

Әкімнің айтуынша, жағалауға жарық шамдары орнатылды, ойын және спорт алаңдары жасалды.

«Көгалдандыруды бастап 3 мыңнан астам бұта мен 3 мың шаршы метрге жуық жерге көпжылдық өсімдіктерді егіміз. Қарағай, шар тектес акация мен үйеңкі, арша мен лаванда ерекше микроклимат орнатып, ауаға фитонцид бөледі. Ағаштан жасалған 800 м. жаяу жүргінші жолы мен 1,6 шақырым тас жолы салынды», – деп атап өтті қала әкімі.

Б.Сағынтаев өзеннің көру алаңдарын жасау және экологиялық таза материалдардан жасалған орындықтар қою қажеттігіне назар аударды. «Бұл жер алматылықтардың сүйікті орындарының біріне айналатынына сенімдімін», – деп жазды қала әкімі.

Қалалық Жасыл экономика басқармасының басшысы Наталья Ливинскаяның айтуынша, өткен жылы басталған жаяу жүргіншілер аймағының құрылысы күрделі табиғи ландшафтпен ерекшеленген.

«Бұл жердегі Есентай өзенінің ағысы аса толқынды, әсіресе, су тасқыны кезінде. Сондықтан Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаев серуендеу аймағын ұйымдастыру және осы жердің табиғи ортасын барынша сақтай отырып, өзен арнасын нығайту міндетін қойды», – деген Н.Ливинская әрбір бөлшек сарапшылармен мұқият талқыланатынын айтты.

Жаңа жобаның арқасында әл-Фараби даңғылынан Есентай өзенінің бұрын абаттандырылған жағалауы су бөлгішке дейін, ал болашақта одан да жоғары Медеуге дейін созылады. Осылайша қала тұрғындары ың-



ғайлы жағдайда қаладан тауға серуендей алады.

«Алматы өзендері, бұл – қаланың бірегей қазынасы. Біз олардың бойында азаматтардың белсенді және пайдалы демалуы үшін жайлы қоғамдық кеңістіктер жасаймыз. Егер қалада Есентай өзенінің жағалауы урбанистік сипатта болса, Жамақасев көшесінен жоғары учаскеде оны бастапқы түрде, үйлесімді орнатылған орындықтар мен белсенді демалыс орындарын сақтауға тырыстық», – деп атап өтті басқарма басшысы.



Қалалық кеңістікті дамыту жөніндегі сарапшы Дархан Тұртаев мегаполис үшін жаяу жүргіншілер аймағының дамуы маңызды екенін, өйткені олар оның әртүрлі бөліктерін байланыстырып, қалалықтардың өзара әрекеттесуіне көмектесетінін, оларды біріктіретінін атап өтеді.

«Үлкен қалада әртүрлі қоғамдық кластерлер бар, мысалы, тұрғындардың ішкі айналымы бар жеке сектор. Мәселе мынада, олар қаланың жалпы динамикасымен жақсы байланыспайды. Есентай сияқты жаяу жүргінші-

лер аймағын құру жаяу жүргіншілер қозғалысын дамытады, бұл жергілікті кеңістіктің дамуына оң әсер етеді», – дейді Д.Тұртаев.

Жаңа кеңістіктің негізгі функционалдығы – бұл жаяу жүру және спорт. «Қосымша көгалдандыру оны жаңартуға мүмкіндік береді, ал стилистикалық тандалған элементтер бірегей қоғамдық аймақты құрайды. Уақыт өте келе жаңа Тереңкүр тұрғындардың ғана емес, сонымен қатар, туристер үшін де тартымды болады», – деп сенім білдірді сарапшы.

КІТАП FEST

Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Алматыда кітап фестивалі өтті. Шара барысында 5 мыңнан астам кітап тегін таратылды. Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев Instagram-дағы парақшасында кітап фестиваліне барғанын жеткізді.

– Жыл сайын өтетін VII Kitap Fest кітап фестиваліне қатыстым. Кітапқұмарлардың

КІТАПҚҰМАР
ЖАСТАР КӨП

арасында жастардың көптігі қуантады, – деп жазды қала әкімі.

Фестиваль аясында кітап дүкендері мен баспалардың үлкен жәрмеңкесі, «Жазушылар шатырында» қазақстандық авторлардың кітаптарының тұсаукесері, пікір мен кітап алмасу, мұрағаттық фотосуреттер көрмесі өтті. Шара қонақтарына тегін кітаптар үлестірілді.

Айта кетерлігі, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, фестивальге қатысу мүмкіндігіне «Ashyq» қосымшасында «жасыл» мәртебесі бар қалалықтар ғана ие болды. Бетперде режимі де сақталды.

ШАҒАҢАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Күралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев қалаға қосылған шағынаудандардағы сумен жабдықтау және судан бұру желілерінің, жолдар мен әлеуметтік нысандардың құрылысымен танысты.

Бүгінде Алатау ауданындағы «Алғабас» шағынауданында 17 шақырым су құбыры желісі мен 13,5 шақырым су бұру құрылысының бірінші кезеңі аяқталуға жақын. Оларға 1332 абонент қосылады. Екінші кезеңде 19,1 шақырым сумен жабдықтау желілері мен 13,7 шақырым көріз, сондай-ақ, 14 шақырым қысымды көріз желілерінің құрылысы жалғасуда. Бұларға 1,5 мыңға жуық абонент қосылады. Сондай-ақ, «Алғабас» шағынауданының тұрғындарын орталықтандырылған сумен жабдықтау және судан бұрумен толық қамтамасыз ету мақсатында құрылыстың III кезеңіне ЖСҚ әзірлеу жұмыстары жүргізілуде.

«Алғабас» шағынауданында инженерлік жұмыстар аяқталған соң 24 көшедегі 11,3 шақырым жолдар қалпына келтіріледі. Бүгінгі күні 10 көшенің 3,9 шақырымы реттелді. Сонымен қатар, 98 көшеге 31,9 шақырым жаңа жол салынады. Бүгінгі күні ұзындығы 4,2 шақырым болатын 9 көшеге асфальтбетон жамылғысы төселді. Басқа көшелерге уақытша жамылғылар төселетін болады.

21 көшеде сыртқы жарықтандыру орнатылды. Қалған екі жарықтандырылмаған көшеде қала әкімінің тапсырмасы бойынша МЖӨ аясында жарықтандыру ұйымдастырылады. Сондай-ақ, 32 трансформаторлық қосалқы станцияны ауыстырумен 73,5 шақырым электр желілері жаңартылады.

ЖАҢА АЛМАТЫ
инфрақұрылымы қарқынды дамуда

Осылайша 21 мың адам тұратын «Алғабас» шағынауданының тұрмыс жағдайы жақсарып, жалпы қалалық стандарттарға сай болады. Бұл күні бүгінге дейін жеке ұйымдар ұсынған жабдықтау қызметтердің сапасына және электр энергиясы мен сумен жабдықтау тарифтерге қатысты болады.

Дәл осындай жұмыстар Наурызбай ауданында да жүргізілуде. Сонымен, «Ақжар» шағынауданында 19 шақырым су құбыры мен 15,7 шақырым су бұру желісінің құрылысы жалғасуда. Жоба бойынша оларға 1400 үй қосылады. Жобаны аяқтау келесі жылға жоспарланған. 5,5 шақырым желіні жаңарту және 3 трансформаторлық қосалқы станцияны ауыстыру жоспарлануда. 2020 жылы

ағымдағы жөндеу аясында 49 көше бойына сыртқы жарықтандыру желілері тартылды.

Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаев «Тастыбұлақ» шағынауданындағы жол құрылысының барысымен де танысты. Бүгінгі күні ұзындығы 10,1 шақырым болатын 17 көшеге асфальтбетон жамылғысы төселді. Ұзындығы 1,1 шақырым болатын бір көшеге асфальт төсеу жақын арада аяқталады. Сондай-ақ, қала әкімі Тастыбұлақ өзенінің жағалауын жақсарту барысын тексерді.

Қаланың солтүстік-батыс бөлігінде көлік байланысын дамыту мақсатында Саин көшесін Рысқұлов даңғылынан Мөңке би көшесіне дейін үңгілеу ауқымды жоба бойынша жүргізілуде. Жалпы ұзындығы 3,2

шақырым. Бүгінгі күні 1,4 шақырым учаскеде жұмыстар жүргізілуде. Базаны дайындау, жағалауды орнату және беткейлерді нығайту аяқталды. Б.Сағынтаев қарқынды жеделдетіп, жұмыс көлемін арттыруды тапсырды. Алты жолақты жол Алатау ауданы мен Алматы облысының қала маңындағы елді мекендерінде тұратын азаматтардың жол қозғалысын арттырады.

Қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасуда. Б.Сағынтаев «Мәдениет» тұрғын үй кешеніндегі алғаш салынған 144 пәтерлі 4 үйді қарап шықты. Аумақты асфальттау және көшелерді жарықтандыру жұмыстары жүргізілуде. Барлығы 792 пәтерлі 22 үй салу жоспарлануда. Осылайша 211 пәтер халықтың әлеуметтік осал топтары арасында, 24-і – жұмыс істейтін жастар арасында, 557 – кезекте тұрғандар мен «Отбасы банкінің» салымшылары арасында бөлінеді.

Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша жоспарды нақты әзірлеу кезінде балабақша мен үш мектеп салу жоспарлануда. Осылайша тұрғындарға жақын маңда әлеуметтік қызметтер көрсетіледі.

«Қалқаман» шағынауданында №7 қалалық клиникалық аурухананың жаңа ғимаратының құрылысы жалғасуда. Қабылдау күніне 650-ге дейін болады. Науқастарға арналған 48 төсек-орын бар. Қала әкімі құрылыс жұмыстарының барысымен және жабдықтар тізімімен танысты. КТ аппараттары, рентген сәулелері, желдеткіштер, жылжымалы рентген жүйелері, медициналық мониторлар мен көпфункционалды керуелер сатып алу жоспарлануда. Б.Сағынтаев жаңа медициналық мекемені пайдалануға беруді жеделдетуді, әрлеу және құрылыс-монтаждау жұмыстарын тездетуді тапсырды. Негізгі мақсат – халыққа көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын арттыру.



ТӘУЕЛСІЗДІК-30

«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...»



Дамель АЙДАРҚЫЗЫ, мұғалім:

– Тәуелсіздіктің арқасында бүгінгі күннің жастары өзі қалаған мамандықты таңдап, көңілінен шыққан жерде жұмыс істеуде. Бұның бәрі Тәуелсіздіктің берген үлкен сыйы іспетті. Мен мұғалімдікті білімге құштар болып, баланы жақсы көргеннен кейін таңдадым. Жас ұрпақтың турашыл, әділ азаматқа айналуы үшін еңбек етемін. Білім мен адамгершілік, отаншылдық қасиеттерді қалыптастыру үшін критерийге сәйкес келуім шарт.

Тәуелсіз елдің жастары – еркін ойлы, пікірін білдіре алатын, таңдау жасайтын өрендер. Олар білуге құштар, мәселенің шешімін таба алады. Ынталандыру үдерісі бізде кері байланыс арқылы жүреді, яғни мен олардан, олар менен де алады. Өз білімінің қолдану кеңістігін анық білетін, қоғамға қажет тұлғаға жол ашу – менің мақсатым. Осы жолда жетістігім де аз емес, кемшілігім де болуы мүмкін.

Әйтсе де, мен басшылыққа алатын ұлттық педагогика мен заманауи технологиямен үндескен ұстаным ұстаздық жұлдызымды жарқыратпақ.



Әділ ДИХАНБАЕВ, «Nur Otan» партиясының мүшесі:

– Биыл – ел егемендігіне 30 жыл! Менің өмір есігін ашқаным да 30 жыл! Бұл – мен үшін және Тәуелсіздіктің құрдастары үшін ерекше мереке. Қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған асыл арманы орындалып, егемендіктің ақ таңы атты!

Тәуелсіздігіміз – біздің басты құндылығымыз. Соның арқасында бақытты балалық шақта өсіп, алаңсыз білім алып, шаттыққа толы студенттік өмірді көріп, ашық аспан астында отбасылы болып, берекелі де мерекелі ғұмыр кешудеміз. Тәуелсіз мемлекет атану бізге күш пен серпіліс берді. Өз ерік-жігерімізбен ілгері ұмтылуға, тәуелсіз мемлекет ретінде өркендеуге мүмкіндік алдық.

30 жылда Қазақ елі дамып, ұлттық салт-дәстүрімізді жандандырдық. Бүгінде заманауи құралдармен, инновациялық жабдықтармен білім алуға жағдай жасалып, мықты мамандарды даярлауға жол ашылды. Осындай бейбіт елде өмір сүруді әрқашан мақтан етемін.

Әзірлеген Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.



Динара МҰРАТ

ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Алматыдағы мектептер мен жоғары оқу орындарын аралады. ҚР БҒМ Баспасөз қызметі хабарлағандай, Асхат Аймағамбетов мұғалімдермен, мектеп директорларымен, БҒМ-ге қарасты ЖОО ректорларымен және ғылыми-зерттеу институттарының жетекшілерімен кездесті.

Министр мектеп, колледж және жоғары оқу орындарының басшылары, әкімдіктер мен министрлік оқушылар мен студенттер қауіпсіздігін арттыру шараларын күшейтуді тапсырды.

«Әлемде болып жатқан соңғы қайғылы оқиғалар мәселенің өзектілігі мен маңыздылығын көрсетеді. Әрине, осы шаралардан басқа, тәрбие жұмысын жүргізу керек. Психологтер мен әлеуметтік педагогтердің жұмысы, сондай-ақ балалардың форс-мажорлық жағдайлардағы әрекеттері туралы хабардар болу маңызды», – деп хабарлады ҚР БҒМ.

Мектеп директорларымен кездесу барысында аттестаттау, басшыларды ротациялау, әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мәселелері талқыланды.

«Жалпы, мұғалімдер мен мектеп директорларымен әңгімелесу барысында менің байқағаным, бір жыл бұрын қойған сұрақтармен салыстырғанда олардың мазмұны өзгерген. Қуанарлық жағдай. Себебі, өткен жылы күн тәртібінде тұрған көптеген мә-



селелер өз шешімін тапқан», – деп толықтырды ведомстводан.

Қазір талқыланатын тақырыптар оқу бағдарламаларының мазмұнына, ата-аналармен өзара іс-қимылға, тәрбие жұмысына көбірек қатысты. Дәстүрлі форматқа қайта оралуды талқылай отырып, мұғалімдер оқушылардың жалпы санынан сырқаттанушы-

лық пайызы өтініш бойынша қашықтан оқытындардың сырқаттанушылық деңгейінен әлдеқайда төмен екенін хабарлады.

Оқушылардың, ата-аналардың басым көпшілігі офлайн оқуды құптайды екен. Бұл білім сапасына, балалардың эмоционалды жағдайына және олардың денсаулығына оң әсер етеді.

Бүгінгі таңда Алматыда 12 600 орынды 8 мектептің құрылысы жүргізілуде.

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен жұмыс кезесінде Мемлекет басшысының мектептердің үдемелі құрылысы бойынша тапсырмасын іске асыру барысы қаралды.

Жарияланған мәліметтерге сәйкес, Алатау ауданында 5 мектеп салынуда. Оның ішінде «Саялы» шағынауданында – 1800 орынды, «Дархан» шағынауданында – 1500 орынды, «Мәдениет» шағынауданында – 1500



Жаңа мектептер көбеймек

орынды, «Томирис» шағынауданында – 1500 орынды, «Нұркент» шағынауданында – 1500 орынды мектеп құрылысы жүреді. Наурызбай ауданындағы «Қалқаман» шағынауданында – 1500 орынды, «Қалқаман-2» шағынауданында – 1800 орынды білім ошақтары бой көтерер болса, Түркісіб ауданындағы «Қайрат» шағынауданында 1500 орынды мектептің іргесі қалануда.

«Қалқаман-2», «Томирис» және «Саялы» ықшамаудандарындағы 3 мектепті ағымдағы жылдың соңына дейін пайдалануға беру жоспарлануда. Сондай-ақ, №81, 40, 45, 54 төрт мектептің сейсмостұрақтылығын күшейту және күрделі жөндеу бойынша құрылыс-мон-

таждау жұмыстары жүргізілді», – деп хабарланды отырыста.

Одан бөлек, 18 жаңа корпустың құрылысы жүріп жатыр. Бүгінгі күнге дейін 9 мектепке қосымша құрылыс аяқталды. Нақтырақ айтсақ, №166 – 125 орынға, №60 – 600 орынға, №6 – 900 орынға, №121 – 450 орынға, №133 – 450 орынға, №144 – 300 орынға, №170 – 300 орынға, №199 – 425 орынға, №38 – 600 орынға қосымша құрылыс жүргізілді.

№57, 102, 132, 117, 186 мектептеріндегі тағы 5 корпусты қазан айында пайдалануға беру жоспарлануда. Қалған №34, 177, 191, 43 мектептердегі қосымша құрылысты ағымдағы жылдың қараша айында тапсыру жоспарлануда.

Үздіктер анықталады



Рая ЕСКЕНДІР

Енді аз күнде еліміздің ең таңдаулы ұстаздарының есімдері жария болады.

2012 жылдан бері жүйелі өткізіліп, дәстүрге айналған «Үздік педагог» байқауына биыл 173 мұғалім қатысып, бағын сынап жатыр. Білім және ғылым министрлігінің мәліметінше, ұстаздардың кәсіби мерекесі қарсаңында аталмыш байқаудың қорытындысы шығып, елуден астам жеңімпаздың есімі белгілі болады.

Байқауға қатысушылар арасында 132 мектепке дейінгі және орта білім, 41 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері бар.

«Үздік педагог» атанған жеңімпаздар арнайы төсбелгі мен 3 миллион теңге көлеміндегі ақшалай сыйақыға ие болады.

СПОРТ



Әсел ДАҒЖАН

Жексенбі күні мегаполисте жүгіруден марафон өтті. Жарысқа салауатты өмір салтын ұстанатын 5 мың адам қатысып, өзара бағын сынады.

Іс-шараның ашылуында қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Спортшылар Республика алаңынан бастап қала көшелерімен 10, 21 және 42 шақырымдық қашықтықта жүгіріп өтті.

«Біз қатысушыларымызды «Ashyq» бағдарламасы арқылы тексеріп, марафонға қатыстырдық. Спортшылардың бұл күнді асыға күткені көрініп тұр. Осындай мүмкіндік берген қала әкімдігіне алғысымыз шексіз», – деді ұйымдастырушы Салтанат Қазыбаева.

Жүгіруді күнделікті дағдыға айналдырған қала тұрғындары дәл осы марафонды асыға күткені анық. Олардың арасында түрлі салада қызмет ететін мамандардан бастап, кәсіби спортшыларға дейін бар. Ұйымдасты-



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.



рушылар соңғы уақытта марафонға қатысу үшін еліміздің түкпір-түкпірінен және көршілес елдерден арнайы хабарласатындардың саны артқанын айтады. Тіпті, паралимпиадашылар да белсенділігімен көзге түсіп жүр.

«Марафон өте жақсы өтті. Өзім Биш-

кектен жүгіру үшін арнайы келіп тұрмын. Осындай іс-шараларға жиі қатысамын. Ең бастысы, еркін жүгіріп өткеніме қуаныштымын», – деді қатысушы Кирил Бевзюк.

Одан бөлек, еріктілер де спорттық шара кезінде жаракат алып немесе шаршап қалған

қатысушыларға соңына дейін қолдау білдірді. Ал марафоннан түскен қаржы әдеттегідей қайырымдылыққа жұмсалмақ. Енді ұйымдастырушылар мұндай жарысты келесі жылы көктем және күз айларында өткізуді жоспарлап отыр.

Марафон мәреге жетті



ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ!

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР
ДЕР КЕЗІНДЕ
КӨТЕРІЛДІ

Мұрат ЖҰРЫНОВ,
Ұлттық Ғылым
академиясының
президенті:

Мен Президенттің халыққа арнаған Жолдауын толық қолдаймын. Ондағы айтылған мәселелер дер кезінде көтерілді. Қазір өзі дүниенің толқып тұрған кезі. Бір жағынан әлемдік пандемия, қаржы дағдарысы, қымбатшылық жұрттың жүйкесіне тиіп, әбден мезі етті. Оның үстіне, Ауғанстан мәселесі де Орта Азия елдеріне қауіп тудырып отыр. Ауған халқы бұрыннан бері соғыстан көз ашпай келеді. Президентіміз де тәліптерден қауіп болуы мүмкін екендігін айтып, сақтық шараларын сақтауға шақырды. Оларды кейбір алып мемлекеттер көрші елдеріне қарай айдап салуы ғажап емес.



Цифрландыру біздің көптеген жұмыстарымызды жеңілдетеді. Біздің цифрлық техника саласындағы мамандар халықаралық рейтинг бойынша Ресейден жоғары тұр. Егер біздің олардан жоғары екендігіміз рас болса, онда неге олардың жүйесіне жүгінеміз? Одан да АҚШ-тың, Еуропаның, Қытайдың үлгісіне неге көшпейміз? Адам деген үлгіні озық елдерден алады.

Сондықтан әскерімізді күшейтуді қолға алған жөн. Сонымен бірге, Президент Жолдауында көтерілген екі мәселе халықтың қызу талқылауына түсті. Оның бірі – цифрлық жүйеге көшу, яғни Ресейдің «Сбер» компаниясының жасаған программа-сын енгізу, екіншісі – Атом электр станциясын салу. Мен Президенттің цифрлық жүйені дамыту керек деген сөзін толық қолдаймын.

Ол – өмірдің талабы. Қазір электронды жүйесіз өмір сүру қиын. Бәріміздің қолымыздағы телефон да, теледидеи, радио да – барлығы электронды жүйемен жұмыс істейді. Цифрландыру біздің көптеген жұмыстарымызды жеңілдетеді. Бірақ біздің цифрлық техника саласындағы мамандар халықаралық рейтинг бойынша Ресейден жоғары тұр. Егер біздің олардан жоғары екендігіміз рас болса, онда неге олардың жүйесіне жүгінеміз? Одан да АҚШ-тың, Еуропаның, Қытайдың үлгісіне неге көшпейміз? Адам деген үлгіні озық елдерден алады. Сондықтан бұл саланы әлі жіті зерттеп, анық-қанығына жетуіміз тиіс.

Енді АЭС салуға қатысты айтатын болсақ, қазір әлем жасыл экономика деп, көмірден, судан алатын электрден басқа, күн сәулесі, жел энергиясын пайдалануды қолға алды. Мен өзі мамандығым бойынша электр-техникпім. Мен бұл саланы жақсы білемін. АЭС салған-

да оның инфрақұрылымы болуы тиіс. АЭС-тен шыққан энергияны дер кезінде, үзіліссіз алып отыру қажет. Оның қасында үлкен-үлкен зауыттар болуы керек.

Мәселен, Балқаштан саламын десе, онда үлкен мыс шығаратын комбинат бар. Бірақ ол АЭС-ке аздық етеді. Сол секілді, 20–30 комбинат болуы тиіс. Ал бізде онда көп зауыттар бар ма? Бар болса, олар оған қалай қосылады? Осыны жақсылап зерттеу керек. Алдымен АЭС салып алып, оның тоғын қайда жібереміз деп отыруға болмайды. Алдымен бәрін есептеп, нақтылау қажет.

Одан кейін бізде АЭС-те істейтін инженерлік-техникалық кадрлар жоқ. Оларды дайындау қажет. Оған кемінде 10 жыл кетеді. Одан кейінгі мәселе, Балқаштың суы да үлкен проблемаға айналып отыр. Қазір сол жердің халқы көлдің балығымен күн көріп отыр. АЭС салғанда оның бәрі уланады. Балық қырылады. Екіншіден, Іле өзеніндегі суды қытайлықтар өздеріне қарай бұрып жатыр. Іле барған сайын тартылып барады. Егер ол тоқтаса, Балқаш Аралдың күйін кешеді. Ал болашақта онда су болмаса, АЭС қалай

БАЙҚАУ



Әсел
ДАҒЖАН

Бейсен Құранбек атындағы «Жігер» байқауының жеңімпаздары белгілі болды.

Байқауға келіп түскен 100 өтініштің ішінен ең үздігін таңдап алу қазыларға оңайға түспеген көрінеді. Дегенмен, бәйгенің аты – бәйге. Бәрібір кіл мықтылар оза шабады. Сонымен, «Жігер» байқауының жеңімпаздары: I орынды Jetisy телеарнасының редакторы Сәния Байтарова жеңіп алса, II орын Aqtope телеарнасының редакторы Ерлан Мұқановқа бұйырған, ал III орынға Qazsport телеарнасының редакторы Индира Бектенова ие болды.

«Өз басым Бейсен бауырымыздың осы өмірде қалдырған еңбегі еленіп қоймай, осындай байқау арқылы жаңғырып жатқанына қуаныштымын. Байқауға қатысушылардың дені жастар болды. Шыны керек, жеңімпаздарды анықтау қиынға соқты. Барлығы 100 өтініш келіп түсті. Бейсеннің бағдарлама жүргізгенде өзіндік принциптері болды. Оның сөйлеу мақамы, өзін ұстауы, журналистік этикасы – тұтас бір дүние. Бейсен, негізінен, әлеуметтік бағдарламаларды жүргізгендіктен, ол халыққа жақын болды, қайырымдылықпен айналысты. Байқау барысында аймақтағы тілшілерге мән беріп, қолдау көрсетуге тырыстық», – деді белгілі тележурналист Арман Скабылұлы.



Аталған байқау жеңімпаздары дәстүрлі «Astana Media Week–2021» медиа апталығының ашылуы салтанатында марапатталды.

«Бейсен ағамыздың бейнесі есімізде мәңгі қалары сөзсіз. Талдықорғандағы ағамыздың кабинетінде үлкен портреті тұр, біз соған қарап ағамыз әлі ортамызда жүргендей сезінеміз. Кейде қарап, көзімізге жас аламыз, бір қарағанда ағам маған жол көрсетіп тұрғандай көрінеді. Бейсен ағамыз

басқарған «Жетісу» телеарнасының ұжымы өте ұйымшыл болды. Жеңімпаз атану – мен үшін үлкен құрмет. Ұйымдастырушыларға алғысымды білдіремін. Жеңіс жалғыз менікі емес, ортақ деп есептеймін», – деді байқау жеңімпазы Сәния Байтарова.

«Astana Media Week–2021» медиа апталығына әлемдік БАҚ-тың топ-менеджерлері, мемлекеттік аппарат өкілдері, танымал журналистер, документалистер және АҚШ, Ұлыбритания, Ресей, Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан блогерлері қатысып жатыр.

СПАРТАКИАДА



Әсел
БЕЛДЕУБАЕВА

Мегаполисте зейнеткерлер арасында спартакиада өтті. Іс-шара Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен «1 қазан – Халықаралық Қарттар күні» мерекесіне орай ұйымдастырылды.

Алатау ауданының зейнеткерлері арасында ұйымдастырылған спартакиада «Зерделі» ықшамауданында

өтті. Қарттарымыз жүгіру, секіру, доп лақтыру және дартс сияқты спорт түрлерінен бақ сынасты. Жақсы нәтиже көрсеткен зейнеткерлер жүлделі орындарға ие болды. Сайыста бірінші орынға «Шаңырақ» ықшамауданының ардагерлер ұйымы ие болды. Басқа да қатысушылар мен жеңімпаздар Алатау ауданы әкімінің дипломдары және ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды.

Алатау ауданының әкімі Азамат

Қалдыбеков: «Тәуелсіз еліміздің өсіп-өркендеуіне үлестерін қосқан, саналы ғұмырларын Отан деп тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан қарттарымыздың төл мерекесі құтты болсын! Қарттарымыз әрқашан ортамызда осылай ұрпақтарының қызығына кенеліп жүре берсін. Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, құт-береке тілеймін!», – деп құттықтау сөзін жеткізді.

МӘСЕЛЕ



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Бүгінгі еңбек нарығындағы сұраныс пен жұмыс іздеушілер арасында сәйкессіздіктер бары ашық шындық. Бұл көбінесе мектеп оқушыларының алдағы ересек өмірде не істегісі келетіні туралы түсініктерінің аздығынан дейді мамандар. Себебі, кейбір жеткіншектер үшін бәрін ата-анасы әлдеқашан шешіп қойған, ал кейбіреуі болашақ мамандығы туралы ешқашан ойламайды да. Зерттеу нәтижелері осыны меңзейді. Сондықтан мамандық таңдауда қателесу немесе кездейсоқ мамандықты таңдау орын алады.

Сосын университетті бітіргеннен кейін жас түлек алған мамандығы бойынша жұмыс істегісі келмеуі мүмкін. Себебі, кезінде ол саланы өз ниетімен қаламаған соң көңілі соқпайды. Нәтижесінде дипломы үйде шаң басып жатады. Содан келіп ол мамандығы бойынша емес немесе біліктілігі жоқ, жалақысы төмен орында жұмыс істейді. Тіпті, кейде адам ұнатпайтын жұмысқа баруға мәжбүр болады. Ал мұның бәрі, яғни мотивацияның болмауы еңбек өнімділігін төмендетеді және көңіл күйі мен табысына да елеулі әсер етеді.

Адам өмірде сәттіліктермен серік болу үшін өзіне ұнайтын іспен айналысуы керек. Сонда ғана ол өзіне де, қоғамға да пайда әкеледі. Осы мәселелерді талдап, таразылап, тарқата отырып, түсіндіру үшін, яғни мамандық таңдауда көмек көрсету мақсатында Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының мамандары жоғары сынып оқушыларына болашақ мамандығын дұрыс таңдауға көмектесетін кәсіби бағдарлау жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастырып отырады. Олар оқушылармен әңгіме жүргізеді, ашық диалог орнатады және кәсіптік бағдарлау тесттерін өткізеді.

Жуырда қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының маманы Еркеш Жақыпова №184 мектептің 9 және 11-сынып оқушыларына осындай кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізді. Оған 9-сыныптардан – 100 оқушы, 11-сыныптардан 107 оқушы қатысты.

Еркеш Жақыпова іс-шара барысында жоғары сынып оқушыларына еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар туралы жан-жақты әңгімеледі, мамандықты дұрыс таңдай



Сурет галатмортдан алынды.

білудің маңыздылығы туралы айтты. Осы орайда кездесуді өткізуде белсенді көмек көрсеткен №184 мектептің өкілі Құрбан Оразбекке мамандардың алғысы шексіз. Себебі, ол маңызды жүздесудің онлайн емес, офлайн-режимде өтуін сұрады. Өйткені, ол оқушылардың орталық мамандарымен бетпе-бет жүздесуін, жанды пікір алмасуын қалайтынын айтқан. Сұранысқа орай кездесу өз үдесінен шықты дейді екі тарап та. Мәселен, кәсіби бағдар беру тестілерінің нәтижелері оқушыға ҰБТ тапсыру үшін қандай бейінді пәндерді таңдаған дұрыс екенін көрсетеді, тестілеу аяқталғаннан кейін оларға мамандық және өзіне қолайлы жоғары оқу орнын таңдау бойынша ұсынымдар беріледі.

Орталық мамандарының айтуынша, осындай кездесулер алдағы уақытта мүмкіндігінше Алматының басқа мектептерінде жиірек өткізілетін болады.

Тақырыпқа орай айта кетсек, жалпы, мамандық таңдауға тілек білдірушілер ENBEK.KZ порталында онлайн-режимде тестілеуден өте алады немесе қалалық Жұмыспен қамту орталығына (Достық даңғылы, 85-үй) хабарласуына болады.



МАМАН КЕҢЕСІ



КОВИДТІҢ ЗАРДАБЫ АУЫР

Оңалту шараларының маңыздылығы да сонда



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасына қарасты №4 емхананың реабилитолог-маманы Айгүл Солтанбек COVID-19-дан айыққан соң да науқастардың эмоционалды қиындықтарға ұшырауы мүмкін екенін айтты. Сондықтан да аурудың алдын алу өте маңызды, ол үшін бетперде режимін сақтау және оны дұрыс тағуды әдетке айналдыруы қажет дейді.

«Ешқандай қиындық тудырмайтын бетперде тағуды қажет санамайтындар аз емес арамызда. Көп адам мұрынның сулануы, тамақтың ауруы сынды суықтың басқа да жеңіл белгілерінің пайда болуын аса маңызды емес деп санайды және оларды емдеуге әрекет етпейді. Ал инфекцияны қоздыратындар нағыз осы белгілер. Сондықтан мен бетперде тағу – бұл қосымша тиімді шара екенін түсіндіргім келеді. Әлеуметтік арақатыстықты сақтау, қолды сабынмен жуу және антисептик қолдану сияқты басқа да тазалыққа жетелейтін қадамдар коронавирус инфекциясының алдын алуға көмектеседі», – дейді дәрігер-реабилитолог.

Сонымен қатар, А.Солтанбек ауруға шалдыққан жандардың бірінші кезекте тегіс оңалтудан өтуге тиіс екенін тілге тиек етті. Тіпті, дерт жеңіл өтсе де. «Біз коронавирустың өкпе мен жүрек-қан тамыр жүйесіне әсер ететінін жиі байқап жүрміз. Сондықтан оңалту емделу кезеңінде басталады және науқас емделіп шығарылғаннан кейін де жалғасады – емханада немесе үйде. Оңалтудың қарсы көрсетілімдері бар, сондықтан әр нау-

қас үшін нақты шараларды емдеуші дәрігер анықтайды. Сіз дертті қиналып жеңіп шықсаңыз да, сауығып кете аласыз», – деді дәрігер.

А.Солтанбек науқастардың өкпесі 10%-ы ғана зақымдалғанымен, дерттің ауыр болуы мүмкін екенін де атап өтті. «Дәрігерлер өкпенің зақымдану деңгейіне емес, ағзаның резервіне назар аударады. Біз өкпенің ғана емес, басқа мүшелер мен жүйелердің зақымдалуын да емдейміз», – дейді реабилитолог.

Маман сөзіне сүйенсек, коронавирустық инфекциядан кейін науқастарда көбінесе пневмосклероз мен өкпе фиброзы қауіпі жоғары болады. «Біздің емхана емделудің үшінші кезеңімен айналысады, бұл – өкпенің қалпына келу кезеңі. Сау күйде олар серпінді және дем алатын болуы керек, ал фиброз кезінде тыртықтар пайда болады. Сондықтан реабилитолог-дәрігерлер жеке ем тағайындайды», – дейді А.Солтанбек.

Емханада өкпенің жұмысын жақсарту және қандағы оттегінің қанықтылығын көтеру үшін тыныс алу кешендері мен денешынықтырудың арнайы бағдарламалары жасалған.

Реабилитолог сөз соңында Алматы тұрғындарын вакцина алуға шақырды. Ол ковидке қарсы екпе салдырған соң, тіпті, КВИ-мен ауырғаннан кейін де адам ауруды жеңе алады. Көп жағдайда екпе салған науқастар ауруханаға жатқызуды қажет етпейді. «Вакцина салдырған адамның ауруы әлдеқайда жеңіл. Мұндай науқастардың иммундық жүйесі жұмылуға қабілетті және тезірек сауығуға ықпал етеді. Вакциналар иммунитетті төмендетпейтінін, керісінше оны көтеретінін білген жөн. В тобындағы витаминдер мен аминқышқылдар да денені қалпына келтіруге көмектеседі», – деді А.Солтанбек.

КВИ-ДЕРЕК

- Алматыда вакцина салдырғандар саны 940 мыңнан асты
- Шаһарда коронавирус жұқтырған 82 бала ауруханада ем алып жатыр
- Қазақстандықтар 11 мемлекетке ПТР-тест тапсырмай сапарлай алады
- Батыс Қазақстанда 95 жастағы соғыс ардагері вакцина салдырды
- Әлемде жалған вакциналау құжатының саудасы қызып жатқан көрінеді. Бүгінде жаһанның 29 мемлекетінде вакциналаудың жалған құжаты саудаланды
- АҚШ-тың 2 зообағында жануарларға вакцина сала бастады


НОТА

Вакцина паспортымызды 7 ел растады

ҚР Сыртқы істер министрлігі 7 елдің уәкілетті органдарымен вакциналау паспортын өзара тану туралы нота алмасты.

Коронавирус инфекциясына қарсы вакцинаның толық курсынан өткен Қазақстан және Грузия, Қырғызстан, Мажарстан, Молдова, Моңғолия, Таиланд және Түркияның азаматтары мемлекеттік шекараларды карантиндік шектеулерсіз (ПТР-тест тапсыру, өзін-өзі оқшалау және т.б.) кесіп өте алады.

Сонымен бірге, Беларусь, Вьетнам, Мысыр және Оман сияқты елдер шетелдік




мемлекеттердің вакциналау паспортын біржақты тәртіппен таныды және келушілерге кіруді жеңілдетті.

«Бүгінгі таңда Аргентина, Армения, Әзербайжан, Иордания, Индонезия, Марокко, Өзбекстан, Ресей, Филиппиндер және т.б. мемлекеттермен COVID-19-ға қарсы вакциналау паспортын өзара тану бойынша келіссөздер жүріп жатыр», – деп жазады СІМ баспасөз қызметі.

#ЕКПЕАЛ!

«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ!»

Нәзира КҮЛБЕКОВА, мұғалім:
– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, вакцина – пандемияны жеңудің жалғыз сенімді жолы. Вакцина салдырып, иммунитет қалыптастыру арқылы ғана Қазақстан азаматтары коронавирусты жеңіп, барлық шектеулер алынып, халық қалыпты тұрмыс-тіршілігіне қайта оралмақ. Осыны түсіне отырып аудан тұрғындары коронавирусқа қарсы екпе алып жатыр.



Мен де ерікті түрде екпе ектірдім. Екпе салдырудан бұрын денсаулығымды тексертіп алдым. Дене қызуым, қан қысымым барлығы қалыпты жағдайда болып, екпеге рұқсат етілді. Дәрігер мамандар екпеден кейін ине салынған орынға су тигізбеуге және екпе орнын жылы ұстауға кеңес берді. Мамандар кеңесіне сәйкес әрекет ететін боламын. Әсіресе, қазір вирустың жаңа штаммы пайда болған кезде вакцина салғызудың маңызы ерекше.

Бағила ҚОЖАҚОВА, қала тұрғыны:



– Екпе алу – денсаулығымыз үшін маңызды шешім. Біз күрделі уақытта өмір сүріп жатырмыз. Осы қиындықты бірлесіп еңсеруге тиіспіз. Әлемді жайлаған індеттің таралу қаупін тек екпе салдыру арқылы ғана төмендете аламыз.

Өз басым «Спутник V»

вакцинасының бірінші дозасын алдым. Үйде әкем-анам, бауырларым да екпенің екі бірдей дозасын алды. Өз денсаулығыңызға, жақындарыңызға жанашыр болыңыз.

Барша қала тұрғындарын коронавирустан қорғану үшін екпе салдыруға шақырамын.

Әзірлеген Ақтолықын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

ASHYQ

«ЖАСЫЛ» «КӨККЕ» АУЫСАДЫ



Айнұр
НҮРСАБЕТ

«Ashyq» қосымшасында «жасыл» мәртебесінен қандай жағдайларда айырылып қалу қаупі бар? Бұл мәселеге Қазақстанның бас санитары Ерлан Қиясов өзінің жаңа қаулысында арнайы тоқталды.

Қаулыға сәйкес, азаматтарға коронавирусқа қарсы вакцинаның алғашқы компонентін алғаннан кейін бірден «жасыл» мәртебе беріледі. Бұл мәртебе оларда 21 күн бойы сақталатын болады. Егер осы уақыттан кейін адам екінші компонентті алмаса, оның мәртебесі автоматты түрде «көкке» ауыстырылады.

Ал COVID-19-ға қарсы толық вакциналау курсынан өткендер үшін «жасыл» мәртебе бір жыл бойы сақталады.

«Сары» статусы бар (науқастармен байланыста болған) адамдар вирус жұқтырған адаммен байланыста болған күннен бастап күнтізбелік 14 күн өткен соң «көк» түске ауыстырылады.

Соңғы үш ай ішінде коронавируспен ауырғандар, медициналық рұқсатнамасы барлар, жүкті әйелдер, сондай-ақ бір апта ішінде ПТР талдауын тапсырған азаматтар «Ashyq» қосымшасында «жасыл» мәртебеге ие.

COVID-19

«ЕТА» ШТАМЫ ҚАУІПТІРЕК



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Пандемия басталғалы коронавирус инфекциясы бірнеше мутацияға ұшырады. Соның ішінде «ЕТА» штаммы алғаш рет 2020 жылы желтоқсан айында Нигерия мен Ұлыбританияда пайда болған еді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, қазір әлемнің 77 елінде тіркеліпті. Осы ретте қаланың бас санитар-дәрігері Жандарбек Бекшин «ЕТА» үлгісі COVID-19-дың «Альфа», «Бетта», «Зета» штамдарынан айтарлықтай ерекшеленбейді деді. Алайда, оның

ақуызында екі түрлі мутация бар екендігін атап өтті.

«Бүгінде біздің елге де келіп жеткен «ЕТА» штаммы қазіргі аурушандықтың 0,1 пайызын құрайды. Бұл вирус ДДСҰ классификациясында «B.1. 525» деп белгіленіп тұр. Ал басқа аурушандықты алсақ, «Альфа», «Бетта», «Зета» патогенді вирустарымен ұқсастығы бар. Бұл вирустың белгілері: жоғары дене қызуы және жөтел, иіс сезбеу болады.

Тағы қайталап айтамын, бұл вирус – диагностикалау және емдеу тиімділігін төмендетеді. Сондықтан ол қауіпті», – деді қаланың бас санитар-дәрігері Жандарбек Бекшин.

«ЕТА» штаммы Қазақстанның Қарағанды, Маңғыстау, Павлодар мен Нұр-Сұлтан қалаларында табылған. Бірақ Алматыда тіркелмеген. Осы ретте Жандарбек Бекшин бұл вирустың алдын алу үшін қала халқын белсенді түрде екпе алуға шақырды. Одан бөлек, бас санитар-дәрігер қалада әлі де «Дельта» штаммы таралып жатқанын алға тартты.

«Кейінгі біздің зерттеуіміздің нәтижесі бойынша, біздегі «Дельта» штаммы 88 пайызды құрайды. Бірақ симптоматикалық жағдайлар көбейіп жатқанын ескеру керек. Біздің соңғы жасаған талдауымыз бойынша аурулардың 95 пайызы симптоммен өтіп жатыр. «Альфа», «Бетта», «Зета» вирустары алаңдаушылық тудыратын вирустардың бөлігіне кірді», – деді Жандарбек Бекшин.

Бүгінде Денсаулық сақтау министрлігі коронавирус штамдарының айналымын анықтау жұмыстарын жалғастырып жатыр. Мамандардың жүргізген зерттеуінің нәтижесінде еліміз бойынша вирустың 96 үлгісі белгіленіпті.

Оның ішінде «Дельта», «Альфа», британдық, «Ухань» мен «Нигерия» штамдары бар. Соның ішінде үнділік штаммының үлесі 59,4 пайыз болса, «ЕТА» штаммы 5,2 пайызға жеткен. Бұлар ең көп таралған әрі бақылауды қажет ететін нұсқалар болып есептеледі.

БАҒА

Дәрі-дәрмек қымбаттады

Тамыз айының соңында Қазақстанда фармацевтика өнімдері бағасы 0,3%-ға өсті. Energyfrom.kz зерттеуіне сәйкес, тамыз айының соңында фармацевтика өнімдері бағасы айына 0,3%-ға және жылына 3,3%-ға қымбаттады. Әсіресе, Маңғыстау облысында дәрі-дәрмек бағасы – 14,1%, елордада – 10,9% және Ақмола облысында 9,1%-ға өсті. Ал Қостанай, Павлодар (әр облыста 0,1%) және Жамбыл (2,9%) облыстарында, керісінше, арзандады.

Фармацевтикалық препараттардың ішінде «Хилак форте» (30 мл.) бірден 17,9%-ға (1,6 мың теңгеге дейін), «Эссенциале форте Н» (30 капсула) 10,3%-ға, 2,9 мың теңгеге дейін қымбаттады, «Но-шпа» (40 мг., 100 таблетка) 10,2%-ға, 2,7 мыңға дейін өссе, «Корвалол» (25 мл.) 9%-ға, 180



теңгеге дейін, «Аквафор» (125 мл.) 8,4%-ға, 2 мың теңгеге дейін өскен. «Ренни», «Омес», «Ксимелин», «Ингавирин», амброксол және басқа препараттар бағасы айтарлықтай қымбаттады.

Тақырыпқа орай айта кетерлігі, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 27 тамыздағы бұйрығымен өндірушінің дәрілік заттың фирмалық атауына шекті бағасы, дәрілік заттың бөлшек және көтерме саудадағы шекті бағасы бекітілді. Тізімде барлығы 7023 дәрі бар. Бұйрық 2021 жылы 18 қыркүйекте күшіне енді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Ғасырлық мерекеге орай «Қазақ радиосының» Алматы қаласындағы ғимаратының қабырғасына «Радио үйі» деген жазуы бар мемориалдық тақта орнатылды. Оның ашылу салтанатына радиода ұзақ жыл қызмет еткен ардагер журналистер, радио журналистері мен БАҚ өкілдері қатысты. Іс-шара барысында ардагер журналистер радионың тарихына тоқталып, өздерінің естеліктерін айтты.



Намазалы ОМАШЕВ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымының докторы:

– Бұл күн ерекше есте қалатын, қазақ халқы мен мәдениеті үшін абыройлы күн. Қазақ радиосының ғасырлық тарихын аз уақыттың ішінде айтып тауысу мүмкін емес. Қазақ радиосынан берілетін «Ардагерлердің естеліктері» бағдарламасын шамам келгенше үзбей тыңдаймын. Әрқайсысының айтары бар. Радио тыңдағанда басымды ізеп, рахаттанып отырамын. Қазақ радиосы дүрілдеп тұрған кезінде қырық «Правда» газетіне жүк болатын материал берген кезі болды. Заманға қарай қазірдің өзінде радиода сағаттап тікелей эфирге шығады. Кезінде сақа журналистердің өзі «тікелей эфирге бар» дегенде тізесі дірілдейтін. Радиодан басқа ешбір сала бұл жүкті атқара алмас еді. Себебі, ол кезде телевизия атымен жоқ, баспасөз аз болды. Жаңалықтарды бүтін бір республикаға тез жеткізу мүмкін емес. Алғашқы радиохабарлардың негізін қалаған – Алаш арыстары. Оның ішінде – Ахмет Байтұрсынұлы. Ол туралы кезінде «Ахандар ашқан арна» деп мақала жаздым.

Сонымен қатар, Радио үйінің жанындағы автобус аялдамасына «Қазақ радиосы» аялдамасы деген атау беріліп, қаланың картасына енгізілді. Осы аялдама жанында 24 сағат бойы Қазақ радиосы толқыны хабар таратып тұрады. Мерекелік іс-шара аясында ҚР Ұлттық кітапханасында «Алматыдан сөйлеп тұрмыз...» атты радионың ғасырлық тарихынан сыр шертетін көне құжаттар мен сурет көрмесі өткізіліп, соны концерттік бағдарламаға ұласты.

Сауық ЖАҚАНОВА, ҚР еңбек сіңірген артисі:

– Ғасыр жасаған Қазақ радиосында 55 жыл қызмет атқардым. Радио тек осында жұмыс істеген журналистердің ғана емес, бүкіл қазақтың радиосы, үнжариясы. Халықтың мәдениеті мен әдебиетін насихаттайтын киелі орын. Бүгін радио саласында өзіммен қатар қызмет істеген журналистерді көріп, көзайым болып жатырмыз.

Қымбат ӘБІЛДӘҚЫЗЫ, ҚР мәдениет қайраткері, Қазақ телерадиосының ардагері:

– Бүгін жүрекжарды қуанышты күн. Қазақ радиосы – ұлттың үні, қазақтың тілі мен болмысы. Радиодан біздің бейнеміз көрінбесе де, жүрегіміз көрінетін. Сол жүрегімізбен қазақ радиосының ғасырлық тойына аман-есен жетіп, жарқын істеріне куә болып тұрмыз. Бұл біз секілді ардагерлердің ортақ үйі. Радио арқылы арманымызды айтып, елдің арманын жеткізіп, жоғын түгендедік. Үніннен, құныққан айналайын, Қазақ радиосы!

Бақыт ЖАҒЫПАРҰЛЫ, «Қазақ» және «Шалқар» радиоарналары Алматы студиясының жетекшісі:

– «Қазақ радиосының» ғасырлық мерейтойына орай Желтоқсан көшесіндегі аялдамаға радионың аты беріліп, радио аппараты ілініп қойылды. Онда енді тәулік бойы радио сөйлеп тұратын болады. Болашақта Алматының әрбір аялдамасында Қазақ радиосы сөйлеп тұрса, нұр үстіне нұр болар еді. Бүгінгі аялдамада Қазақ радиосының сөйлеуі Орынборда 1921 жылы ашылған алғашқы радио секілді ыстық.



Бұл аялдамада тәулік бойы «Қазақ радиосын» тыңдай аласыздар.





Ағымдағы жылдың басында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінде әлемдік киноиндустрияда тарихи сценарийлер сұранысқа ие екенін, ал қазақстандықтардың мұндай фильмдерге деген қызығушылығы аз екенін айтқан болатын. Сол себепті, Президент болашақта кино сыншылары бұл мәселеге ерекше назар аудару керектігін мәлімдеген-ді. Осыған байланысты бүгін отандық тарихи кинолардың жетістігі мен мәселесіне тоқталғанды жөн көрдік.

тұңғыш қазақ киносы. «Көксек» фильмі Бакуде өткен кинофестивальде бас жүлдені қанжығасына байлады. Ал «Алпамыс мектепке барады» фильмі Ригада өткен бүкілодақтық 10-кинофестивальдің Гран-Приін жеңіп алған болатын.

Бұл – жалпы отандық кинолардың даму кезеңі. Ал қазақ тарихына негізделген фильмдердің қарқын алған уақыты тәуелсіздік алған жылдармен сәйкес келеді. Әсіресе, 1991–1997 жылдар отандық

Ал 2000 жылдардан бертін келе тұсауын кескен фильмдердің аяқ алысы қалай?

2005 жылы Илияс Есенберлиннің Шыңғыс хан дәуірінен бастап Кенесары ханмен аяқталатын қазақ халқының тарихына негізделіп түсірілген «Көшпенділер» фильмінде жоңғар шапқыншылығына қарсы қазақ халқының азаттық соғысы бейнеленген. 500 адам жұмылдырылып, Еуропа-ның мықты деген актерлерін шақыртып, көгілдір экранға жол тартқан тарихи кинода сыншылар өрескел қателіктердің өріп жүргенін айтқан болатын. Оның бірі – киноға түскен шетелдік актерлердің қазақтың рухын жеткізе алмағаны мен фильмге ерекше өң береміз деген мақсатпен тарихқа режиссер тарапынан енгізілген өзгертулер. 2012 жылы жарық көрген «Жаужүрек мың бала» фильмі өз уақытында біраз сын алды. Атауы тарихи фильм делінгенмен, расында тарихи деректі емес, көркем фильмге көбірек жанасады. Себебі, оқиға нақты шындықтан алынбаған. Ал бүгінде түсіріліп жатқан Қасым хан туралы «Ұлы дала таңы» фильмінде мұндай қателіктер жібермейміз бе? Жалпы, тарихты ойдан жазу немесе бұрмалап, өзгертулер енгізіп фильм түсіру қаншалықты дұрыс? Бұл туралы тарихшы арнайы мамандардан сұрап көрдік.

ОТАНДЫҚ ТАРИХИ КИНОЛАР

Жетістігі неде, кемшін тұсы қандай?



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Әлемдік көшке ілескен отандық кинолардың да ауыз толтырып айтарлықтай қол жеткізген жетістіктері баршылық. Халықаралық додаларда топ жарып жүрген фильмдеріміз бен актерлеріміз де жоқ емес. Алайда, тарихи жанрдағы, тарих бетін топшылайтын киноларға тағылатын сын-

дар сарқылмай жатқаны рас. Өткен ғасырдың орта шенінде көрерменге жол тартқан «Менің атым Қожа», «Қыз Жібек», «Көксек», «Алпамыс мектепке барады» сынды фильмдердің жұрнағын таппай, «әттеген-ай» деп сарылатын кездеріміз болады. Бұл фильмдер өз заманында да, қазір де жоғары бағаланып, көрермендердің көкейінен өшпей келеді. Мәселен, 1967 жылы «Менің атым Қожа» фильмі – Франциядағы Канн фестивалінің арнайы жүлдесіне ие болған

тарихи кино саласының биік шыңы деуге болады. «Қайрат», «Кардиограмма» (Д.Өмірбаев), «Отырардың күйреуі» (А.Әмірқұлов), «Сұржекей – өлім періш-тесі» (Д.Манабаев), «Батыр Баян» (С.Тәуекелов), «Жас аккордеоншының өмірбаяны» (С.Нарымбетов) секілді фильмдер көрермен, сыншылар тарапынан оң бағасын алып, халықаралық байқауларда дес бермей, отандық кино өнерінде үлкен сілкініс жасады.



Талас ОМАРБЕКОВ, тарих ғылымының докторы:

Ақиқатты бұрмалауға болмайды

Кинофильм – біздің бейнелі өміріміз. Сондықтан да ол, ең алдымен, өмір шындығын айшықтауы керек. Бұл, әсіресе, тарихи фильмдерге қатысты. Алайда, қашанда, біз айтқандай бола бермейді. Мемлекеттік саясат кино өнеріне араласқан кезде тарих идеология ықпалында кететінін көріп келеміз.

Мысалы, Кеңестер заманында түсірілген біздің төл тарихымызға қатысты кинокартиналарда осындай жағдайлар көрініс берді. Кезінде «Аспарух хан» атты көркем фильм экранға шықты. Бұл тарихи тұлғаның арғы тағдыры түркі дүниесімен байланысты екені белгілі. Ол орыстың белгілі тарихшысы Артамоновтың зерттеулерінде де көрініс берген еді. Онда Аспарухтың әкесі Құбырыштың және бабаларының түркілердің Дулсі (Дулу) әулетімен байланыстығы әңгіме болады. Ал Дулуды тарихшылар Ежелгі Үйсін хандығының күмбіі Елжаубидің ұрпағы деп біледі. Өкінішке қарай, киноны түсірушілер Аспарухты түркі емес, славян дүниесіне жақындатуды мақсат тұтып, ақиқатты ашықтан ашық бұрмалады.

Тағы бір мысал, «Бейбарыс сұлтан» атты кинокартинаны қазақ көрермендері жақсы біледі. Бұл тарихи тұлғаны тарихымызға жақындату үшін бәрінен бұрын Египет қыпшақтарының Алтын ордамен қарым-қатынастарына баса назар аудару керек еді. Әсіре-

се, Бейбарыстың өзінің Алтын Орда ханы Берке ханмен жақын ықыласты байланыстары, өзара сый-сияпаттарға негізделген. Моңғол жаулаушысы Хулағуға қарсы одақтас ынтымақтастықтары Бейбарыстың қандай тұлға екендігін айқындай түседі. Бірақ кезінде фильмді жасаушылар осындай маңызды мәселені назардан тыс қалдырған.

Соңғы жылдары І.Есенберлиннің сценарийі бойынша түсірілген алғашқы қазақ хандары туралы картинаны тамашалаудымыз. Өз басым бұл шығарманы қазақ кино өнеріндегі үлкен жетістік, маңызды құбылыс ретінде бағалаймын. Алайда, тарихи деректер тұрғысынан алғанда мұнда да ақиқатты бұрмалаулар кездесіп қалады. Бір ғана мысал келтірейік. Қазақ хандарын құрап келе жатқан Әбілқайыр ханның қазіргі Алматыға жақын жерде кенеттен ауырып, үш күн бойы қан құсып, өз жаназасын өзі шығарып, қалай қайтыс болғаны баяндалады. Соған қарамастан бұл тарихи шындық фильмде басқаша бұрмаланады. Айдан анық нәрсені ақиқаттан ауытқып баяндауға қандай қажеттілік болады екен?

Тарих дөңгелегі алға жылжыған сайын өнер де дамып, халық назарына жаңа тарихи фильмдердің ұсыныла беретіні белгілі. Естіп жатырмыз, Қасым ханға байланысты фильмді түсіру қолға алына бастапты. Құба-құп дейміз бұған да.

Алайда, өмірі қым-қуыт, аласапыран оқиғалар ортасында өрбіген осы ұлы тұлғаны тарихи шындықтың биік деңгейінен көре алар ма екенбіз? Қасым хан бейнесін ашу үшін, ең алдымен, ол қарым-қатынаста болған ірі тарихи тұлғалардың қосымша образдарын айқындау керек болады. Бұлар – қазақ қоғамындағы Бұрындық хан, ноғай маңғыл мырзалары Мұса мен Шейх Мамай, моғалстан ханы Сайд хан және ең бастысы Әбілқайыр ұрпағы Мұхаммед Шайбани және т.б. Мұндайда бұл тарихи тұлғалар арасындағы қырғиқабақ соғыстармен қатар жауласудан ағайындасуға ауысып отырған өзара құдандылық, жекжаттық қарым-қатынастардың да маңызын көрсету қажет-ақ. Сонда ғана Қасым хан өмір сүрген заманның ауыр да, қайшылықты мазмұны ашыла түспек.

Сонымен қатар, тақырыбы қазіргі заманнан алыс жатқанына қарамастан бұл шығармада мемлекеттік территория мәселесіне мән беру қазір мерзімде, басқалар көз тіге бастаған заманда аса маңызды болмақ. Мысалы, мұндайда өзі билікте болған кезінде Қасым ханның Қазақ елінің аймағын батыста және оңтүстік шығыста қазіргі мемлекеттік шекарамыз деңгейіне жеткізіп кеткен тарихи тұлға екендігі фильмде нақты көрсетілуі керек деп ойлаймын. Дәстүрлі қазақ қоғамының жетістіктерінің де осы тарихи кезеңдерде мықтап орныққанын көрсетуге болар еді.

Смағұл ЕЛУБАЙ, жазушы:

Тарихшылардың орны ерекше

Қасым ханның бейнесін ашатын сценаристі Қазақстаннан табу өте қиын. Алғашқыда біз де дайын емес едік. Біз қанша дегенмен 10 фильмге сценарий жазған, тәжірибесі мол, оның үстіне екі жыл арнайы осы сценарийге отырғандықтан біздің көз алдымызда ерекше тарихи тұлғаның бейнесі ашылды.

Қасым ханның ең үлкен халық алдындағы еңбегі ел шекарасын осы қалыпқа келтірген, осы қалыптан кем емес кең қалыпқа келтірген Қасым хан кезінде Ресеймен және басқа мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынастар орнаған, елшілер келген. Сол уақыттағы тарихшылардың жазуынша, Қасым ханның әскеріне тең келетін әскер әлемде болмаған дейді. Өйткені, ханның 200000 әскерді атқа қондыратындай әлеуеті болды, онымен санаспайтын ел болмаған.

Тағы бір ерекшелігі, өз заманында бейбітшілік саясатты ұстанған адам. Ол тіпті, өзі қырқысып жүрген Шайбаниді қызылбастардан қорғауға өзінің баласын 50 мың әскермен жібереді. Өзбек халқы да өзіміздің халқымыз ғой деп көмектеседі. Баласы сол соғыста опат болады. Қызылбастар Қасым ханның тұсында Орта

Азияға көз салуды қояды. Сол уақытта екінші Өзбек мемлекеті қалыптасады. Қасым ханға Ташкентті басып алу туралы ұсыныстар айтылады. Сонда ол Ташкентке 100 мың атты әскермен барып тұрып, бейбіт түрде қаланы беруді сұрайды.

Алайда, қала берілмейтінін айтады. Хан тағы да бауырлас халық қырылмасын деп қайта қайтып кетеді. Осылайша ол Орта Азияда бейбітшілік, дипломатиялық саясат жүргізді. Ноғайлармен қарым-қатынасы да қызық. Ноғай елі Қасым ханға бізге хан бол деп Сарайшыққа шақырған. 1520 жылы хан сол жерде хандық құра бастайды және қайтыс болады.

Быттыр 500 жылдай болған екен. «Қасым ханның қасқа жолын» да сол сценарийге кіргізген болатынбыз. Қазақ халқы сол бейбіт қасқа жолды әлі ұстанып келеді. Әскері өте күшті бола тұра ешқайсысына шапқыншылық жасамады. Сондықтан да ол өте күрделі тұлға, оның келбетін тарихшылар келтірмесе, сценаристердің келтіре алуы екіталай. Оны ойға салып қиялдай салуға болмайды. Қасым ханды зерттеп жүрген тарихшыларымыз бар. Солармен жақсы жұмыс істеу керек деп ойлаймын.



БІЗДІҢ РЕЙД

Айналасында түрлі гүлдер мен жасыл-желегі жай-қалып тұратын тап-таза аула кім-кімнің де көңіліне жайлылық ұялатады. Рас, ондай аулалар барлығымызға ұнайды. Тіпті, солай болғанын қалаймыз да. Неге десеніз, әдемі аулада жайлы аура қалыптасады. Қаладағы һәм ауладағы көгалдандыру жұмыстарында арнайы мамандардың ғана емес, тұрғындардың да үлесі зор.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

АУЛАСЫ ЖАҚСЫ ҚАНДАЙ-ДЫ...

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жалпы, Алматының тазалығы – қоғам болып күш салатын ортақ іс. Бүгінде қала аулаларын нашар деп айтуға ешқандай негіз жоқ. Шындығында, қала бойынша көппәтерлі тұрғын үйлердің аумағында адамның көңілін жайландыратын көрікті аулалар көп. Жеке сектордағылар да мұндай әсемдіктен кенде емес.

Мегаполис әкімі Бақытжан Сағынтаев Алматыны көркейтуге бағытталған әрбір шарада алып шаһардың, оның ішінде қалаға

кейіннен қосылған ықшамаудандардың тазалық мәселесіне ерекше көңіл бөлуде. Сондықтан болса керек, бүгінде қала көшелерінде тазалық һәм абаттандыру мәселелері ойдағыдай жолға қойылған. Әсіресе, орталықтағы тазалықта мін жоқ. Таң атысымен көшелерді қоқыстан арылтып, тазалап жүретін көше сыпырушылардың еңбегі көрініп тұрады. Аулалар мен көшелерде қоқыс жәшіктерінің саны артқан. Тіпті, кейбір аймақтарға қоқысты сұрыптап тастайтын арнайы контейнерлер қойылған. Дейтұрсақ та, Алматы аулаларының қазіргі ахуалы қандай, абаттандырылуы көңілден шыға ма деген мәселеге тағы бір көңіл бөлгіміз келді.

Өлбетте, көгалдандыру мәселесіне келгенде Алматыдағы көпқабатты үйлер мен жеке сектордағы үйлердің аулалары жайында екі бөлек айтуға тура келеді. Өйткені, жеке сектордағы үйдің аулаларына үй иесі ғана жауапты болса, көппәтерлі үйлердің аулаларынан бүкіл тұрғындардың ортақ жұмысын көруге болады.

Алматы аулаларына рейд барысында қаладағы көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларының жағдайы әртүрлі екенін байқадық. Бірінде көркейту жұмыстары жақсы жүргізілсе, енді бірінен мүлгіген тыныштықты көрдік. Тіпті, кейбір үйлердің ауласы көліктердің автотұрағына айналған ба дедік...

ПІКІР

Тұрғындар да жауапты



ТІЛЕК

«Шебердің қолы – ортақ»

Жалпы, қала бойынша Алматыда 4183 аула бар. Оның 3000-ға жуығы алдыңғы жылдары жөндеуден өткен. Ал биыл 536 аулаға жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Оның ішіндегі 53 аула «Бюджетке қатысу» жобасы аясында жүзеге асырылады.

Тағы бір айта кететін жәйт, кейбір аула аумақтары жомарт жандардың, жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен көркейтілуде. Мұндай сауапты іс әрбір қалталы азаматтың өзінің туған қаласына, Алматысына деген ерекше сүйіспеншілігінен туындағаны даусыз.

Осы орайда Қала күні мерекесінде қорытындысы шыққан «Үздік аула–2021» байқауының да өз үлесі бар. Мақсаты аулаларды көріктендіру һәм көгалдандыруда қала тұрғындарының белсенділігін арттыру болып табылатын байқаудың маңызы зор. Көзіқарақты оқырман білетін болар, биылғы байқауда бақтарын сынап көруге қаладағы 324 аула иелері өтініш білдірген. Бірақ сарапшылардың сүзгісінен 85 аула ғана өтіп, байқауға қатысуға рұқсат алған. Нәтижесінде оза шапқандар жеңімпаз атанып, қомақты ақшасы бар сертификаттарға ие болды. Қуантарлығы, байқауға қатысушы тұрғындардың саны жылдан-жылға артып келеді. Мұндай байқау жас ұрпақтың да, кез келген қала тұрғынының да қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін оятатыны сөзсіз.

Рейд барысында біз көппәтерлі тұрғын үй аумағынан қажетсіз дүниелерді көдеге жаратқан аулаларды да көрдік. Ондайда «шебердің қолы – ортақ» демеске лаж жоқ. Мәселен, мына үйлердің ау-

Алматыны шет елдердегідей қоқысы жоқ қала қатарына қосу үшін бізге әлі де болса уақыт керек. Мәселен, Кореяның жеткіншектері мектепке бара жатқанда ата-анасы сөмкесінің бір жақ қалтасына қалақша, бір жақ қалтасына сыпыртқы салып береді екен. Бұл сана мәдениетін қалыптастыру болса керек. Бала кішкене қоқыс көрсе әлгі құралымен алып, жәшікке тастайды.

Көрдіңіз бе, бұл қала тазалығына тек көше сыпырушылар мен тазалық мекемелері ғана емес, тұрғындар да жауапты екенін көрсетеді. Сондықтан ауладағы тазалық шараларын көбінесе тұрғындардың өздері де қадағаласа артықтық етпейді. Дәл осы тұста әлеуметтік желідегі парақшалардың көмегі зор екенін айта кеткен жөн. Бүгінде алматылықтар әлеуметтік желіде өте белсенді.

Қаланың тыныс-тіршілігіне бей-жай қарай алмайтын тұрғындардың көмегімен қай жерде қандай мәселе бар екенін анықтауға болады. Алайда, тұрғындар жіберген дайын ақпаратты жедел қолға алуға жауапты мамандар асықпайды. «Мәселе назарға алынды» деген сырғытпа жауаппен құтылатындар көп. Қаладағы қордаланған кейбір мәселелер мемлекеттік қызметкерлердің осылайша жұмысына салғырттығынан туындап отыр.



ласы мұнтаздай тап-таза. Тұрғындардың балалар ойнайтын алаңдарды да ұқыпты ұстайтындары көрініп тұр.

– Барлығы балалар мен немерелеріміз, қала берді, өзіміз үшін... Ұқыптылық алдымен адамның өзінен басталуы керек қой. Міне, мынадай әдемі аулаға тұрғындардың бәрі бір кісідей атсалысты. Жарамсыз зат қалдықтарын көдеге жаратып, ауламызды осылай әрлен қойдық. Нәтижесін көңілімізге байқап жатқан болар. Мұндай аула кез келген жанның көңілін жадыратпай қоймайды емес пе? Кейде біздің ауламызға сүйсінгендер әдемі персонаждардың қасында тұрып суретке де түсіп жатады. Ондай кезде біз кәдімгідей қуанып қаламыз, – дейді тұрғындар.

ҰСЫНЫС

Тазалық өзімізден басталады

Дегенмен, қала аулаларының барлығы тамаша деп айта алмаймыз. Алматының аулаларында әлі де шешімін таппаған мәселелер арагидік кездеседі. Тақыр аула мен ойын алаңдарында сынып жатқан құрал-жабдықтар үйлердің сәнін кетіріп тұр. Кейбір аулаларда қыбыр еткен тіршілік иесі байқалмайды. Тым-тырыс. Кездейсоқ жолыққан тұрғынның айтуы бойынша, аулалар айына бір жиналатын көрінеді. Аула сыпырушылардың ат ізін салмағанына айдың жүзі болыпты. Ал аула тазалығы айтпаса да түсінікті.

Шындығында, көпқабатты үйлердің аулаларын көше сыпырушылар тазалайды. Бірақ бұл олар аула тазалығына толықтай жауап береді деген сөз емес. Несін жасырайық, қо-

• Шаһарда 4183 аула бар.

• Биыл 536 аулаға жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Оның ішінде 53 аула «Бюджетке қатысу» жобасы аясында жүзеге асырылады.

Дерек

МЕМОРАНДУМ

Борышкерлер

жалғыз баспанасынан шығарылмайды

Қазақстандық борышкерлер жалғыз баспанасынан шығарылмайтын болды. Бұл шара бүкіл республиканы қамтымақ. Қазақстанның Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Алматы қаласының әкімдігімен әлеуметтік аз қамтылған борышкерлерді ипотека қарызы үшін жалғыз баспанасынан шығармау туралы меморандумға қол қойылғанын мәлім етті.

«23 қыркүйекте Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, Алматы әкімдігі, Банк омбудсмені, банктер және қоғамдық бірлестіктер арасында халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын борышкерлердің ипотекалық қарызы үшін жалғыз тұрғын үйін алып қою және жалғыз баспанасынан шығару шараларын тоқтата тұруды көздейтін өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды», – деп жазылған агенттік берген түсініктемеде.

Агенттіктің баспасөз қызметі мамандар меморандум жобасымен маусым айынан бері жұмыс істегенін, эсірге меморандум Алматы қаласының әкімдігімен ғана қол қойылғанымен, шара кейін бүкіл республиканы қамтитынын айтады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚҰРЫЛЫС

Қымбатшылық белең алды

Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Елімізде құрылыс материалдары арзандамай тұр. Кей тауар 20%-ға, ал кейбірі тіпті 70%-ға қымбаттаған. Жұртшылық «бағаның өсуіне бірыңғай зейнетақы қорынан бөлінген қаражат себеп болды» деген пікірде.

Әлеуметтік желілерде пәтер жөндеу жұмыстарына қатысты лайфхактарды үнемі оқырман назарына ұсынып отыратын блогер Динара Уәли де базардағы және гипермаркеттегі бағаны салыстырып, тиімдісін анықтайды. Қымбатшылықты ол да байқаған. Мәселен, бытыр бір белмелі пәтерді қарапайым жөндеуге 1 млн. 200 мың теңге қажет болса, қазір шығын 2 есеге өскен.

– Жай ғана жөндеу жұмыстарының бағасы, яғни әктеп шығу 20 мыңнан жоғары. Дизайнерлік ремонт жасасақ, құрылысшылардың жұмысымен баға шарықтай береді. Заманауи материал бар керамогранит деген 1 шаршы метрі 70 мыңға дейін барады. Бұның ішіне жиһаздар мен тұрмыстық техника кірмейді. Көлем өскен сайын баға да кете береді. Ашық базарлар мен дүкендердегі бағаның арасында айтарлықтай айырмашылық байқалады, – деді ол.

Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша жыл басынан бері цемент 5%-ға, полиэтиленді құбырлар 10%-ға, ал кірпіш 6%-ға қымбаттаған.

– 1 шаршы метрге жөндеу жұмыстарын жүргізуге 35–50 мың теңге қаражат қажет. Бізде құрылыс материалдарын өндіреді. Дегенмен, шетелдік компаниялардан импортталған тауарлар сұранысқа ие. Еден жабындары 1500 теңгеден 50 000 теңгеге дейін барады. Тұсқағаздар желімінің 25 метрі 50 мыңға дейін тұрады. Бұл салада алаяқтардың арбауына түспеу үшін сенімді компаниялардың көмегіне жүгіну қажет, – делі Қазақстан құрылыс компаниялары қауымдастығының президенті Виктор Микрюков.

Шекараның жабылуына байланысты шетелден келетін жұмысшы азайған. Құрылыс материалдарын сырттан тасымалдау шығыны да көбейген. Бүгінде шекаралар ашылып, байланыс тұрақталып жатса да нарықтағы жағдай өзгерер емес. Ал бағаның қашан төмендейтінін ешкім деп басып айта алмайды.



«БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ»

Жеке кәсіп бастаймын деген көпбалалы аналарға мемлекет тарапынан берілетін қайтарымсыз гранттар мен жобалар бірнеше жылдан бері талай отбасының әлеуметтік жағдайының жақсаруына ықпал етті. Айталық, «Іскер Ана» бағдарламасының арқасында біраз қыз-келіншек жеке кәсібін дөңгелетіп отырса, «Бақытты отбасы» бағдарламасының көмегімен әлеуметтік аз қамтылған қаншама отбасы баспаналы болды.



АЛМАТЫ – ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР ҚАЛАСЫ

лық талаптарды ескере отырып жұмысын тоқтатпаған. Мұнда көпбалалы және аз қамтылған отбасылар заңгерлерден, әлеуметтік қызметкерлерден және психологтерден тегін кеңес ала алады. Қаладағы орталықтарға күніне 700-ден астам қала тұрғыны келеді.

«Бақытты отбасы» орталықтарында ағылшын тілін үйрену, макияж, массаж, шаштараз, пішу және тігін, гимнастика, аспаздық, тоқу, сөмке тігу бойынша тегін курстар, компьютерлік курстар өткізіледі. Көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балалары арт-терапия, гимнастика, математика мен логика, шахматпен айналысуға, ағылшын тілін үйренуге, тоқу курстарына қатысуға және логопедпен кенесуге мүмкіндік алады.

Сонымен қатар, соңғы жылдары қалада «Бастау бизнес» бағдарламасы бойынша аналарға кәсіпкерлік негіздерін үйретуге бағытталған «Іскер Ана» жобасы, сондай-ақ, «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді курстар жүзеге асырылуда.

«Іскер Ана» бағдарламасы – тіркеу, құқықтық және психологиялық көмек көрсетуден бастап кәсіпкерлік негіздері бойынша курстарға жіберуге, бизнес-жоспар



Айнұр
СЕНБАЕВА

Кез келген ата-ана перзенттерін қатардан қалдырмай, бар жағдайды жасағысы келеді емес пе? Ол үшін тұрақты табыс әкелетін кәсібің болғаны ләзім. Бірақ көбінесе көпбалалы аналардың үй тірлігінен басқа іспен айналысуына мүмкіндігі болмай жатады. Жеке кәсіп ашу үшін қажетті курстарды оқып, білімді шыңдау қажет, қаражаттың жоқтығы да қолбайлау болып жатады. Осы орайда көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға жан-жақты көмек көрсету мақсатында 2019 жылдың тамы-



зынан бастап Алматының әр ауданында «бір терезе» қағидаты бойынша «Бақытты отбасы» орталықтары жұмыс істей бастаған болатын.

Бүгінде Алматыда мұқтаж отбасылардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған 9 «Бақытты отбасы» орталығы жұмыс істейді. Бұл орталықтарда мамандар материалдық, моральдық жағынан қиналып жүрген қала тұрғындарына көмектеседі, тренингтер мен консультациялар өткізеді.

Алматыдағы «Бақытты отбасы» орталығының жетекшісі Зулфия Байсақованың айтуынша, пандемияға қарамастан, орталықтар санитарлық-эпидемиология-

күруға, кәсіп ашуға, грант алуға немесе шағын несие алуға дейін көпбалалы аналармен біртіндеп жұмыс жасауды ұсынады.

Биыл жоба демеушілерінің арқасында Әуезов ауданында қолдан жасалған тоқыма және азық-түлік өнімдерін сататын 4 сауда нүктесі ашылды. Түркіб ауданында көп балалы аналардың қолдан жасаған бұйымдарын сату үшін «Іскер Ана» сауда үйі ашылды. Сауда үйі қазіргі заманғы ұлттық киімдерді, құрақ-көрпе, ұлттық нақыштағы зергерлік бұйымдарды, әйелдерге арналған киімдерді ұсынады, сонымен қатар, киімдерді өңдеу мен жөндеу бойынша қызметтер көрсетеді.

Диана ЕДІЛ, тігінші:

БОЛАШАҚТА КӘСІБІМДІ ДАМЫТА ТҮССЕМ ДЕЙМІН

Мен бала тәрбиесімен үйде отырғаныма бірнеше жыл болды. Декреттік демалысқа дейін тігінші мамандығын оқыған едім. Бірақ тәжірибем аз болатын. Анда-санда үйде ұсақ-түйек дүниелер ғана тігіп жүрдім. Кейіннен осы мамандығымды дамытып, кәсіп ашсам деген ойға келдім. Бірақ 4 балалы ана үшін кәсіпті дөңгелетіп әкету оңай емес екен. Былтырдан бері Түркіб ауданындағы «Іскер Ана» орталығына жүгініп, біраз пайдалы сабақтар алдым. «Бизнес бастау», «Еңбек» бағдарламаларының мен секілді үйде отырған аналарға пайдасы зор екеніне көзім жетті. Қазір өзім түрлі дизайнды перделер тігумен айналысамын, тапсырыстар қабылдап жүрмін. Ісімнің жүре бастағанына өте қуаныштымын. Болашақта кәсібімді дамыта түссем деймін.


Зулфия БАЙСАҚОВА,
Алматыдағы «Бақытты отбасы» орталығының жетекшісі:

506 АДАМ ЖАҢА КӘСІПТІ МЕНГЕРДІ

Қазіргі таңда мегаполистегі «Бақытты отбасы» орталықтарында 33 мыңдай адам тіркелген, олардың ішінде 4643 адам биыл тіркелгендер. Жыл басынан бері мұқтаж 35 250 адамға ресурстық, әдістемелік және 3700 өтініш берушіге құқықтық көмек көрсетілді. 5694 адам бала тәрбиесі, көшбасшылық, отбасылық құндылықтар бойынша бастапқы дайындықтан өтті. Қаламыздағы жомарт меценаттар «Бақытты отбасы» орталықтарына көмек көрсетеді. Мысалы, демеушілік қаражатқа азық-түлік себеттері, киім-кешек, жеке гигиена құралдары, 10 мыңнан астам адамға арналған ойыншықтар сатып алынды, 2300-ден астам баланың туристік және мәдени орындарға саяхат ұйымдастырылды, қайырымды жандардың қолдауымен 370 адам тұрақты және уақытша жұмысқа орналасты. «Өз бизнесіңді бастау» бағдарламасы бойынша 506 адам, оның ішінде 290 көпбалалы отбасы және 216 аз қамтылған отбасы мүшелері «Атамекен» ҰКП-ның базасында түрі кәсіп негіздері бойынша білім алды.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Саяхатқа не жетсін!



Кеше өткен Дүниежүзілік туризм күніне орай Стратегиялық зерттеулер институты ел тұрғындарынан басқа елдерге саяхат жасады ма, жоқ па және олар бұл туралы не ойлайды деген сұрақтарға жауап алды.

Респонденттердің 46,7%-ы саяхаттауға оң көзқараспен қарайды және қолжетімді деп санайды. Сауалнамаға қатысқандардың 26,3%-ы өзге елдерге бара алатындығына күмәнданады. Өздерін өз үйінде ғана жақсы сезінетіндер 14,1%-ды құрайды екен.

Қазақта талантты жастар көп

Ютубтағы ресейлік «Алға, Петербург» арнасының авторлары елімізге келіп, танымдық бейнероликтер түсіріп жүр. Иван Червинский мен Александр Карельский бүгінге дейін Қазақстан туралы 3 мыңға жуық бейнежазба жариялаған. Материалдың 75%-ы Димаштың шығармашылығы туралы. Олардың қазақ еліне деген қызығушылығын да осы әнші оятқан секілді. Соның арқасында қазір 140 мыңнан аса оқырманы бар және басым бөлігі өзіміздің жерлестер екен. Ал еліміз туралы бағдарламаны әлемнің барлық елінің тұрғындары тамашалайтын көрінеді. Енді блогерлер алдағы уақытта Димаш туралы көркем фильм түсіргісі келеді.

– Қазақ жастары қазір өте белсенді. Олар музыка болсын, кино болсын, спорт болсын, барлық салада өздерін керемет қырынан көрсетіп, бүкіл әлемге танылып жүр. Мәселен, Иманбек мықты диджей екенін дәлелдеді. Ал Димашқа вокал саласында тең келер ешкім жоқ. Американың Президентімен немесе Илон Маскпен жұмыс істейтін қазақ жастары бар. Біз соларға тәнтіміз, – деді Иван Червинский.



Бұрынғы «Целинный» кинотеатры ғимаратының қасбеті бөлшектелді. Құрылыс жұмыстарының басталғанын байқаған қала тұрғындары алғашында оны сүріп тастай ма екен деп алаңдаған. Өйткені, ескі ғимарат көпшіліктің өткенін есіне түсіретін қаланың тарихи орындарының бірі саналады.

– Сіздер біздің қала үшін алаңдайсыздар, сондықтан сіздерді қуантқым келеді, ғимаратты ешкім бұзбайды. Биыл біз құрылыс жұмыстарын бастадық. ҚазҚСҒЗИ-мен бірлесіп техникалық тексерулер жүргізілді. Жобаны Қоғамдық кеңеске ұсынды, онда пысықтады және заңнамалық белгіленген рәсімдерге сәйкес қайтадан келісуден өтті, – деді «Целинный» заманауи мәдениет орталығының директоры Джама Нұрқалиева.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.



ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ – ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА



Ұрпағының болашағын ойлағандар ұлт жастарының білімді болуын басты мақсат етері даусыз. Жасы кіші болса да ақылы асқанды аға сыйлайтын қазақы қағиданың қаншалықты өміршен екенін сөзбен тауысып жеткізу мүмкін емес. Тамыры тереңге жайылған тарихында қазақтың білім-ғылым жолын насихат еткен аузы дуалы абыздары, данышпан датқалары, шежірелі шешендері өте көп болған. Сондықтан баба дәстүрінен ажырамаған бүгінгі ұрпақ білімсіз болмауға тиіс.



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Бүгінгі күні әлемдік пандемия, қаржы дағдарысы рухани дағдарыстың да негізгі өзегіне айналып барады. Ел-жұртты дүрліктірген індет пен қаржы дағдарысының бір емес, бірнеше толқындары өтіп жатыр. Себебі, әлем елдеріндегі экономикалық жағдай әлі тұрақты емес. Сондықтан бүгінгі ең маңызды мәселе, жұмыссыздықпен күресті мықтап қолға алу қажет. Экономикалық тығырыққа тірелген елдерде қазіргі таңда жұмыссыздық салдарынан қылмыс саны күрт өсіп келеді. Сол себепті, жастар білім мен ғылымды серік етуі керек.

Сонымен бірге, біз шағын және орта бизнесті дамыту мәселесін қолға алуымыз керек. Әр қазақтың теңгесі өндірістің осы түрінен өзіне 10 тиын пайда алып келсе, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы бірнеше есе жоғарылайды. Мұнымен біз

даму қарқынымызды бұрынғыдан да жылдамдата аламыз. Соның нәтижесінде жалпы халық болып отандық өнімдерді инвестициялауды қолға алуға болады.

Бір сөзбен айтқанда, табысты инвестициялық жобалау мәселесін қолға алу керек. Бұл ретте жастар салауатты өмір салтын ұстанып, жат қылықтардан бойын аулақ ұстау қажет. Егер ұлтымыздың дені сау болса, халқымыздың демографиялық өсу қарқыны да қарыштайды.

Мәселен, бір Алматының өзінде 2020 жылы бірінші сыныпқа 32 мыңға жуық бала қабылданса, биыл 30 мыңға жуық бала келді. Ал осыдан 10 жыл бұрын бүкіл еліміз бойынша бірінші сыныпқа 10 мың ғана оқушы қабылданатын. Бұл – халқымыздың табиғи өсу көрсеткіші. Бұл демографиялық даму үдерісі әлі де жалғасып келеді. Себебі, Қазақстан – жас мемлекет, халқымыздың орташа жас көрсеткіші 35 жастан аспайды. Бұл – біз үшін өте қолайлы жағдай. Ертеңгі күні осы бүлдіршіндер біздің еліміздің білім-ғылым саласын дамытады. Өйткені, жарқын болашақ – ертеңгі жеткіншектердің қолында.

Білім-ғылымға ден қойған жөн

XVI ғасырға дейін ғылыми жаңалық шығыстан батысқа бет алатын. Бірақ батыс елдері шығысты шаң қаптырып кетті. Кейін атом электр энергиясы ашылған соң тіпті қара үзіп кетті. Міне, осы сәттен бастап шығыс елдері өндірістен тысқары қала бастады.

Білімге құштарлық танытқан адам үшін Қазақ мемлекетінде толық жағдай жасалып келеді. Соғыстан кейінгі жылдары шығыс елдері қайта жанданып, әр салада ғылыми жаңалықтар ашылды. Оның өзінде Азияны Еуропаның алдына түсіп кетті деуге келмейді.

«Қазақстан–2030» бағдарламасын даярлау барысында Қазақстан билігі Индонезия, Малайзия, Корея секілді мемлекеттермен иық тірестіріп, Орталық Азияның барысына айналуы мақсат етіп қойған еді. Бірақ жеткен жетістікпен бір орында тоқтап қалуға болмайды. Қазір ғылымдағы жаңалық күн сайын емес, сағат сайын жаңарып отыратын кез.

Қазақ жастары алғыр да табанды, ғылымның сан саласынан хабары бар, соңғы техникалық мүмкіндіктерді меңгерген, қиялдары шексіз болуы керек. Сонда ғана біз Азияның барысына айнала аламыз.

Аграрлық секторды ғылым өркендетеді

Қазақстанда дәл қазір жаңғыртылатын энергия көздерін жасақтау қажет. Мысалы, Африкадағы Сахара шөлінде күн батареялары мен жел қалақшаларынан энергия өндіру ісі қолға алынып жатыр.

Тіпті, Еуропа ғалымдары мұхит толқындарын да энергия алу ісіне пайдалануды жоспарлап отыр екен. Сол сияқты, жайлауда отырған шопанның шатырында күн батареясы, есігінің алдында жел қалақшасы болса, қолында жоғары жылдамдықпен жұмыс істейтін интернет желісі болса, өзін-өзі қажетті энергиямен қамтамасыз етіп отырса, қандай тамаша. Бір қараған адамға бұл бос қиял секілді көрінуі мүмкін. Бірақ қазіргі ғылымның жетістіктері жоғарыда аталғандарды жасауға толық мүмкіндік береді.

Шындығында, біздегі ауыл шаруашылығын дамытудың кенжелеп тұрғаны, бәлкім, осындай игіліктердің болмауынан болар. Егер ауылды көркейтп, гүлдендірем деген азамат болса, Үкіметтен қолдау болатыны сөзсіз. Ауылға жасалған мүмкіндікті ғылыммен ұштастыра қолданар болсақ, қолымыздағы алтынымыз сусып түспес еді.

Бірлік пен татулық – береке бастауы

Ел алдында тұрған тағы бір міндет – бейбітшілік пен татулықтың туын жығып алмау керек. Шаттыққа толы қара шаңырағымыз – Қазақ мемлекетіне қызғаныштың қызыл итін айтақтап

Асқар ДАЙРАБАЕВ,
қала тұрғыны:

Индустриялық экономика құру қажет

Тәуелсіздіктің алғашқы 1991–1996 жылдарында біз ыдыраудан кейінгі дағдарыспен арпалыстық. Басқаны ойлауға шамамыз келмеді, қаражат та болмады. Сондықтан қазір тек жер қойнауына қарап қалмай, индустриялық дамуға ұмтылып жатырмыз. Қазба байлық, Құдайға шүкір, қазақтың жерінде кенде емес. Дегенмен, бұған тәуелділік еш болмайды, оның бағасы да нарықта құбылмалы. Сол үшін біз жер қойнауына бағынбайтын екінші экономика – индустриялық экономика құруға тиіспіз. Бұл ретте батыс технологиясы да қуатты рөл ойнайды. Әлбетте, батыс ұсына қоятын дайын технология бар ма? Оның үстіне, озық дүниесін біреуге беріп, сол арқылы өзіне бәсекелес табуды кім, қай ел қалаушы еді? Ендеше, жаңалықты өзіміз табуға ұмтылсақ игі. Өркендеуге қажетті инновация да, білім мен ғылым да қазақ даласында бүршік атса екен.

Сіз не дейсіз?

отырғандар аз емес. Әлем болып күресіп жатқан терроризмге қазақ халқы да өзіндік үлесін қосуы керек. Әрине, қолға қару алып емес, бейбітшіліктің бастау-бұлағы болған білім алу арқылы күрескен жөн. Білімдінің мыңды жығатын заманы туған соң барды аянып қалмау қажет. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» демекші, тек білім мен еңбек қана бәрін жеңетін болады.

Интеллектуалдық деңгейі жоғары жастар жиналған Назарбаев Университетінің зияткерлік мектептері келешекте кемел білім иелерін тәрбиелеп шығады. Өзге білім ошақтары да осы бағытқа тезірек бейімделгені дұрыс. Өйткені, әлемдегі озық үлгідегі Кембридж, Оксфорд секілді университеттердің моделін алған бұл шаңырақта қазір еліміздің және алыс-жақын шет елдерден келген өте білімді ұстаздар қызмет етеді. Сондықтан болуы керек, мұндағы жастардың барлығы жаңалыққа жаны құштар.

Негізі, Алаш баласы атақ-абырой іздеп шарқ ұрған емес. Тек шартараптың шарайнасынан қазақы болмыс пен бейбіт өмір бейнесін көргісі келеді. Ал ондай нығметке қол жеткізу үшін өзгенің өнерін үйреніп, өз елінің дағуасына жарайтындай сауатын болуы қажет. Егер ақпарат майданында санана тоқыған ілімің әлсіз болса, аз уақытта алғаныңнан бергенің көбейіп шыға келеді. Бұл – бүгінгі бәсекеге толы қоғамның басты талабы.

P.S.

Қалай десек те, бүгінгі игіліктің бәрі жастарға жасалуға тиіс. Себебі, олар – ел келешегі. Бүгінгі студенттер – елдің ертеңгі азаматтары. Біздің экономикамыз дағдарыс тұсында қисайған жоқ. Қазір толысып келеміз. Елдің табиғат берген ырыс-байлығы зор. Ал одан да сарқылмас байлық – жастар. Оларды биік тұлғалы азамат ретінде тәрбиелеу – біздің парызымыз.

ЖЕР-ЖАҒАН

Білімді адам көркем



1948 жылы Оклахома университетіне (АҚШ штаты) оқуға түскен ең алғашқы қара нәсілді студент Джордж Мак Лаурин аудиторияның көленкелеу бұрышында, жалғыз, ақ адамдардан аулағырақ отыруға мәжбүр болған.

Бірақ оның есімі ең үздік үш студенттің қатарында, университет тарихында мәңгіге жазылып қалды. «Маған кейбір курстастарым әлдебір анды көргендей баяырайып қарайтын. Маған ешкім мынау адам екен деп ешқашан сөз берген емес. Менің сауалыма да ешкім үн қатпайтын. Бірақ мен мүжілмедім. Білімге құштар көңілімді сөндіріп алмай, алға ұмтыла бердім. Өз бетімше көп іздендім. Нәтижесінде олардың өздері мені іздейтін болды. Өздерін мазалаған сұрақтардың жауабын, шешу жолдарын табу үшін маған жүгітінген деңгейге жетті», – дейді ол естеліктерінің бірінде. Иә, білім мен ілім әлемді өзгертуге қауқарлы.

Бауырға деген құрмет

Суретте – немістің ұлы суретшісі Альбрехт Дюрердің (1471–1528) «Қолдар» атты картинасы.

Нюрнберг түбіндегі бір қыстақта тұратын зергердің 18 баласы болыпты. Байғұс зергер сонша баласын асырап, жеткізу үшін ешқандай жұмыстан бас тартпапты.

18 баланың ішінен екеуіне әкесінің қасиеті жұғып, өнерге жақын болып өседі. Бірақ оларды оқытуға зергердің жағдайы жоқ. Содан өнер қонған екі ұлы «Қайсымыз ұтсақ, сонымыз оқимыз. Ұтылғанымыз жұмыс істеп, оқуға кеткеніміздің жағдайын жасайды. Сосын екіншіміз оқимыз» деп жеребе тастайды. Альбрехт асығы алшысынан түсіп, кескіндеме мектебіне оқуға кетеді. Картиналары сұранысқа ие болып, қалтасына аздаған қаржы жиналады. Содан бір күні ол туған қыстағына келеді.

Кешке бәрі дастархан басына жиналған соң Альбрехт баяғы әңгімесін еске салып, бауырына:

– Енді сен оқы, мен асыраймын, – дегенде, бауыры қос жанарына жас толып:

– Жо-жоқ, бауырым, енді маған өнер жоқ! Мынау саусақтарымының арасында бүтін де жоқ. Шахтадағы ауыр жұмыстан әрқайсысы кемі бір реттен сынып құрылды. Мынау алдындағы бір кесе шайды да жөнді ұстай алмаймын. Оған қоса оң иығымда артрит пайда болды, – деп оқуға барудан бас тартады.

Уақыт өте келе Альбрехт Дюрер бауырының бір кездегі өзіне жасаған жақсылығын қайтару үшін осы картинаны салады. Және бұл туынды («Руки») шедевр ретінде бағаланып, әлемге таралып кетеді.

85-тегі модель

Жасы 85-ке таяған қытайлық қария Ван Дэшунь сән индустриясының стереотипін бұзды. Ол қазір жастармен иық түйістіріп подиумдарға шығып жүр. Ол сол қадамы арқылы мәселе жаста емес, көңіл күйде, өмірге деген шексіз құштарлықта екендігін дәлелдеді. «Ал жас деген – бар болғаны сандар. Сенің жасыңды жаратылыс табиғаты айқындағанымен, ақыл-ойыңды өзін ғана айқындайсын», – дейтін Ван Дэшунь салауатты өмір салтын қатаң ұстану үшін күнде үш сағат спортпен айналысады.

Ол жас күнінде әскери зауытта жұмысшы және автобуста кондуктор болған. Бірақ актер болсам деген арманына жету жолында жергілікті жұмысшылар үшін ашылған Мәдениет үйіндегі тегін актерлік курстарға қатыса бастайды. Туған қаласында танымал актер болады. Бірақ театр сахнасында бірнеше мәрте естен танып құлаған соң дәрігерлер оған күніге қаншама ойқуат, сезім селін жұмсайтын жұмысын мүлдем тастау керектігін айтады.

Ең алғаш 2015 жылы 79 жасында Қытайда өткен сән апталығында подиумға шыққан оған бүгін «құда» түсуші сәнгерлер, танымал жарнама өкілдері, фотосессия жасайтын компаниялар көбейген. Әлі де аттан түскісі жоқ қария фильмдерде бой көрсетіп жүр. Телешоулардың да төрінде жиі отыратын көрінеді.

Ерік-жігері мықты қария көп қиындық көрген, 10 балалы қарапайым отбасында дүниеге келген. Бүгінде өзінің ұл-қызы бар. Жұбайы да әрдайым қолдау көрсетіп отыратын көрінеді.

Нұр ЖАМАЛ.





2021 жылға «Almaty aqshamy» газетіне екі айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы!

«Almaty aqshamy» қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«Almaty aqshamy» газет жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
2 айға – 1201 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
2 айға – 3241 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
2 айға – 881 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-61.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPU00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, **ТАБЫСКЕР** болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy»
Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2021 жылғы 27 қыркүйектегі
№3/351-862 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учас- кесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымай- тын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2021 жылғы 30 маусымдағы қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Елдімекендердің ортақ пайдалануындағы объектілердің құрылысы үшін, Гамзат Жаксылыкович Зимановтың Алматы қаласы, Бостандық ауданындағы Университетская көшесі, 9 учаске мекенжайы бойынша орналасқан, жалпы ауданы – 0,0677 га (кадастрлық нөмірі 20-313-059-297) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі **Б.САҒЫНТАЕВ.**

КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«Рахат» АҚ-ға:
– кондитерлік өнімдер дайындаушылар;
– жүк тиеушілер;
– тамақ жабдықтарын жөндеу слесарі керек.
Тел.: 8 705 206 96 51.
Зенков көшесі, 2 А.

Алматы қаласы Экология департаментіне:
– іс жүргізуші қажет.
Тел.: 8 778 954 31 38.
Абай даңғылы, 32-үй.

Жеке компанияға:
– ВС санатты жүргізуші керек.
Тел.: 8 701 059 49 06.

«Қорғау Плюс» күзет агенттігіне:
– күзетшілер (ерлер, әйелдер) керек.
Тел.: 8 771 300 47 20.

«Caspian beverage Holding» ЖШС-ға:
– экспедитор жүргізушілері;
– логистер;
– жүк тиеушілер;
– тазалықшылар керек.
Тел.: 8 (727) 258-39-09.
Гоголь көшесі, 221-үй.

Жеке компанияға:
– аспаздар;
– асүй жұмысшылары керек.
Тел.: 8 701 539 01 46.

«Qazbilim» ЖШС-ға:
– физика мұғалімі;
– математика пәнінің мұғалімі;

– тарих пәнінің мұғалімі қажет.
Тел.: 8 747 148 01 83.

«Алматы Электро-Транс» ЖШС-ға:
– жолаушылар автобусына бақылаушылар керек.
Тел.: 8 701 214 98 33.
Төле би көшесі, 67-үй.

Жеке асханаға:
– аспаз (төлем күн сайын – 7000 тг.);
– асүй қызметкері (төлем күн сайын – 5000 тг.) керек.
Тел.: 8 701 539 01 46.

«Атлант Мед» ЖШС-ға:
– медбике;
– санитарлар;
– аспаз керек.
Тел.: 8 (727) 269-64-60,
8 702 877 47 69.
Санаторный көшесі, 14-үй.

«Асау-Ат» ҚК-ға:
– тігінші керек.
Тел.: 8 707 938 56 13.
Бегалин көшесі, 126-үй.

«Жедел күзет» күзет агенттігіне:
– күзетшілер (ерлер, әйелдер) керек.
Тел.: 8 707 111 74 07,
8 771 800 77 09.
Әуезов көшесі, 50-үй.

«Future Trade Company» ЖШС-ға:
– экспедитор-жүргізушілер;
– жүк тиеушілер қажет.
Тел.: 8 705 675 44 40.

Бөкейханов көшесі, 49 А/1.

«Almaty-Resort» шипажайына тұрақты істейтін:
– жоғары білімді заңгер;
– жоғары білімді есепші;
– орта-арнайы білімі бар медбике/медбрат;
– жоғары білімді инженер құрылысшы;
– жоғары білімді еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі инспектор;
– жоғары/орта-арнайы білімі бар құтқарушы;
– жоғары білімді менеджер ресепшен;
– горничныйлар (орта-арнайы білім/орта);
– клинер (орта-арнайы білім/орта);
– даяшылар (орта-арнайы білім);
– аспаздар (орта-арнайы білім);
– желдету жүйелері бойынша маман (орта-техникалық білім);
– ағаш ұстасы (орта-кәсіби білімі бар);
– жиһаз реставраторы (орта-кәсіби);
– аумақты тазалайтын жұмысшы керек.

Артықшылықтар: мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі бар адамдар; жұмысқа ресми орналастыру; ынтымағы жарасқан ұжым; тұрақты жалақы; қызметкерлерді тасымалдау бар.
Тел.: 8 701 794 90 56.

**ЖҰМЫС
ТАБУЫҢЫЗҒА
ТІЛЕКТЕСПІЗ!**



CORONA VIRUS2020/KZ

«QazVac»
вакцинасы «дельта»
штамынан тиімді
қорғайды

- ✓ Ғалымдар бейтараптандыру реакциясына тест өткізді. Нәтижесінде отандық «QazVac» вакцинасымен егілгендер **антиденелердің жоғары деңгейін** көрсетті
- ✓ Вирусты бейтараптандыратын **антиденелер** клиникалық зерттеулерге қатысқан **еріктілердің 90%-нан астамында** анықталды
- ✓ **Зертханалық жануарларға** тәжірибелер жүргізілді
- ✓ Ол үшін «QazVac» вакцинасын алған және вакцинацияланбаған зертханалық хомықтар алынды. Біраз уақыттан кейін оларға дельта штаммын жұқтырды. Нәтижесінде вакцинацияланбаған хомықтар коронавирустың дельта штаммын жұқтырды. Ал «QazVac» вакцинасымен егілген жануарлар ауырмай, «дельта» вирусының штаммынан қорғалған болып шықты

Күнсұлу Закарья,
ҚР БҒМ ҒК биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының бас директоры

**ВАКЦИНАЦИЯДАН КЕЙІН
ВИРУС ЖҰҚТЫРУ МҮМКІН БЕ?**

Симптомсыз пациенттер инфекция тасымалдаушылар болып табылады, сондықтан тіпті вакцинациядан кейін де әлеуметтік қашықтықты сақтауды және бетперде тағып жүруді жалғастыру қажет


Ешбір вакцина абсолютті кепілдік бере алмайды, алайда қауіпті едәуір төмендетеді

Егер вакцинациядан кейін вирус жұқтырған жағдайда ауру айтарлықтай жеңіл түрде, нақтырақ айтқанда – симптомсыз өтеді

Егер адам вакцинаның бірінші дозасын алғаннан кейін COVID-19 жұқтырып алса, мұндай жағдайда екінші компонентті толық сауығып шыққаннан кейін 6 айдан соң алуына болады

© 2021 г. Коронавирусологиялық институт, Алматы, Қазақстан. kazInform

ОТАНДЫҚ ТУРИЗМ



Шығынсыз демалыс



**Гүлжанат
СЕМБАЕВА**

Тау – ғаламшар бетінің төрттен бір бөлігін алып, халықтың 10 пайызының негізгі баспанасы болып саналады.

Иә, біздің халқымыз үшін де таудың орны бөлек. Еліміздің тауларын әнге қосып, табиғаттың ерекше сұлулығын жырламаған ақын, әндетпеген әнші кемде-кем. Тау – сырын ішіне жасырған бөлек бір әлем сынды. Мезгілдің барлық кезінде туристер тауға лек-легімен ағылады. Тауға шыққанды әдетке айналдырған саяхатшылар тауға шығу үшін себеп іздемейді де, жаны қаласа болды бос уақытын тауда өткізеді.

Қаладағы қауырт жұмыстан босай қалса тауға шығатын, тіпті, саяхаттаудың бұл түрін сүйікті ісіне айналдырған Ләззат Асылбекқызы үшін тау туризмінің орны бөлек. «Тауға отбасымызбен жиі шығып тұрамыз. Карантинге байланысты тауға көбірек баруға мүмкіндік болды. Негізінен, студент

кезімнен тауға саяхаттауды әдетке айналдырғанмын. Алдымен денсаулыққа, әсіресе, тыныс алу жолдарына өте пайдалы. Балаларымды да бірге алып шығамын», – дейді ол.

Сондықтан көптеген мемлекет тау туризміне ерекше көңіл бөледі. Әсіресе, біздің қалада экстремалды спортпен айналысуға қолайлы жерлер жетерлік. Альпинизм, рафтинг, сноуборд, тау шаңғысы деген сияқты, жанға керектің бәрі табылады. Қазірдің өзінде Шымбұлаққа баратын халықтың қарасы қалын. Саяхатшыларды алып Алатаудың саф ауасы мен тұмса табиғаты және тау спорты қызықтырады екен. Алайда, бағасы шетелдіктер үшін қолжетімді болғанымен, оны кейбір алматылықтардың қалтасы көтере бермейді. Себебі, тау аймақтарындағы көрсетілетін қызмет түрлерінің біразы тым қымбат.

Алматы тауларына шығудың басты себебі – мына төмендегі көріністер. Сіз осындай сұлулықты еш жерден таппайсыз, әрі мұндай әсемдікті сурет арқылы көру аздық етеді.

Тауға шығу мәдениетін қалыптастыру керек

Таудың ұлылығы ешбір адамды бейжай қалдырмайды. Демалып қана қоймай, рахатқа бөленіп, қуат алатыныңыз сөзсіз. Бірақ сақтықты да ескергеніңіз абзал.

Тауға шыққандардың дені таудағы қауіпсіздікті ескере бермейді. 3500 метр биіктіктен кейін оттегі азаяды. Мамандардың айтуынша, бұл денсаулыққа кері

әсерін тигізуі әбден мүмкін. Мұны «тау ауруы», «биіктік ауруы» деп те атайды. Тауда қатты биіктікке шыққан кезде әлсізденіп, жүрек қағысыңыз жиілеп, демігіп, ауа жетпесе, онда биіктікке шығуды тоқтатқаныңыз дұрыс. Негізі, тауға шығар алдында дайындық керек. Баратын жердің табиғатын, ауа райын алдын ала біліп барған жөн. Екіншіден, түрлі жаттығулар жа-



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.



сап, физикалық күшті сынап көру артық етпейді. Себебі, тауға шығу үшін бәрінен де физикалық жағынан мықты болуыңыз керек. Психологиялық дайындықты да ескеріңіз. Шыңға шығар кезде шыдамды, сабырлы болу маңызды. Одан кейін барып керек-жаракты дайындайсыз.

Тауға шығу үшін ешқандай себептің де қажеті жоқ. Күнделікті күйбең тірлікті артқа тастап, керемет тау көріністерінің куәсі болыңыз. Өкінбейсіз!